Microsoft Power Point немесе Macromedia Flash ортасы арқылы дайындалған мультимедиялық презентацияларды қолдану күнделікті іске айналды. Білім беру процесінде осылармен бірге теңдей қолданыста жүрген жаңа, әлдеқайда жетілдірілген түрі интерактивті технологиялар қолдануда. Материалды жаңа интерактивті құралдар (интерактивті тақталар, интерактивті планшеттер) көмегімен, слайд-шоу түріндегі презентациядан айырмашылығы, лекция барысында «қазір және осы кезеңде»

құрылатын презентациялар жатады. Бұл «ақылды» аталатын презентация кезінде материалды тек демонстрациялап қана қоймай, презентация материалдарының үстіне түсініктемелер жазуға, өзгерістерді сақтауға, ғаламтор желісінде жариялауға, баспаға шығаруға, бейнеклиптер құруға, видеороликтер көруге, сандық ақпараттық ресурстармен жеке, жұптық немесе топтық жұмыстар орындауға, қайта қайталау немесе сабақ барысында белгілі бір себептермен қатыса алмағандарға таратуға болады. Күрделі және абстракттылық ұғымдарды қарапайым және қолжетімді түрде түсіндіруге мүмкіндік туады. Әсіресе бұл жаратылыстану бағытындағы пәндер үшін таптырмас құрал.

Сабақ барысында SMART BOARD интерактивті тақтасы арқылы құрылған оқу материалы өзінің кірістірілген жазба құралы арқылы жазылады және бірнеше қайта қарауға мүмкіндік береді. Интерактивті құралдарды пайдалану арқылы білім алушылардың назары, зейіні артуына байланысты оқу материалы тез және сапалы игеріліп білім беру процесін тартымды ете түседі.

Қазіргі уақытта SMART оқыту жүйесіндегі проблемаларды шешуге бағытталған ақпараттық – бағдарламалық құралдарға Web 3.0, Moodle, білім берудегі бұлттық технологиялар және т.б.

Қашықтықтан немесе сырттай оқитын білім алушылар үшін SMART оқыту жүйесінің ең негізгі артықшылығы аралық бақылау мен емтиханды жақсы тапсыру үшін білім алушыларға үлкен көлемді ақпаратты жеткізуге мүмкіндік беруі. Оқу бағдарламасы бойынша ұсынылатын лекциялық, практикалық және зертханалық жұмыстарда көбінесе тақырыптың жекелеген ең маңызды деген аспектілерін қарастыруға ғана мүмкіндік болып, оқу бағдарламасы бойынша барлық оқу материалдарын түгелдей қарастыруға уақып тапшы болып жатады. Шектелген уақытта білім алушылар оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған барлық құзіреттіліктерді толықтай игеруде де қиындықтар болады. Ақпаратты өз бетімен іздену (соның ішінде оқытушы ұсынған ақпарат көздері) көп уақытты алып қана қоймай, тәжірибе көрсеткендей жалпы ақпарат ағынынан қажетті материалды таңдауда сұрыптау жүргізе де алмай жатады. Нәтижесінде пәннің жеке аспектілерін толықтай игермеу білім сапасының көрсеткішіне сөзсіз әсерін тигізеді. SMART оқыту жүйесінде оқытушы дайындаған (бейнеконференциялар, электронды блогтар, электронды оқыту ресурстарын) қолдану арқылы жақсы көрсеткіштерді көрсетуге болады. SMART оқыту арқылы білім алушылардың білім сапасын арттыруға әлдеқайда мүмкіндік туады.

Біздің көзқарасымыз бойынша SMART – технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың құзіреттіліктерін жоғары деңгейге вебинар, мастер-класстар, тренингтер жүргізу, кәсіби қауымдастықтар құру арқылы көтеруге болады.

SMART – технологияларды қолдану арқылы білім сапасын көтеру туралы сөз еткенде, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарылату мүмкіндігі туралы да ұмытпау қажет, себебі тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыратын педагогикалық кадрдың сапасы білім беру жүйесінің ең маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

SMART – технологиялар тек қана on-line конференцияларға қатысуға, тәжірибе алмасуға, басқа жоғары оқу орындарының және ғылыми-зерттеу институттарының оқу-әдістемелік материалдарына, виртуальды лабораторияларына рұқсат алып қана қоймай, сонымен қатар өзінің оқытушылық қызметінен қол үзбей және материалдық қаржыны үнемдеу арқылы онлайн курстардан өту арқылы біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Білім беру саласында жүрген профессор-оқытушылар құрамының 80% нәзік жанды әйелдер екенін ескерсек, олар отбасы ошақ қасынан алыстамай өз біліктілігін жаппай онлайн білім беру курстары арқылы үнемі арттырып отыра алады.

SMART қоғамда жұмыс жасау дағдысы бар кадрларды дайындау үшін, білім беру үдерісінде SMART технологияларды қолдану ең басты міндет болып табылады. SMART оқыту студенттердің жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады. Қорыта айтқанда, оқу үдерісінде жаңа технологиялардың түрлерін пайдалану білімнің сапасын жоғарлатуда негізгі орын алар еді, соның бірден- бір жолы - «SMART» технологиясы

Әдебиеттер:

1. Тихомиров В.П., Тихомирова Н.В. Smart-education: новый подход к развитию образования //http://www.elearningpro.ru/forum/topics/smart-education
2. Smart техногии изменят систему образования: материал для свободного пользования //http://www.elearning-russia.ru
3. Базовые принципы системы smart-образования //http://potal.tpu.ru

УДК 37: 37.11.

Қазіргі экологиялық білім берудің негізгі мәселелері

Примбетова А.И.

«Педагогика және психология» мамандығының PhD докторанты,

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қызылорда қ.

e-mail: sharban56@mail.ru

Тірек сөздер: экологиялық білім, экологиялық педагогика, адамзат тіршілігі

Аннотация: Мақалада автор қазіргі экологиялық білім берудің негізгі мәселелерін айқындап, шешу жолдарын көрсетуде.

Summary: The author of this article outlined the main issues of environmental education qazirgi solutions.

Қазіргі кезде экологиялық білім беру мәселесі білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес.

Заман талабына сай экологиялық білім беру - балабақша, орта мектеп, лицей, гимназия, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесі.

Табиғатты эстетикалық тәрбие құралы ретінде тануда орыс педагогы К.Д.Ушинскийдің еңбектерінің маңызы зор. Ол адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты педагогикалық аспектіде қарастырып, «табиғат дауысын ата-аналар да, тәрбиешілер, заң шығарушылар да аяғына дейін тыңдауы тиіс. Табиғатпен ерегесу жақсы емес... адамға тек оның бұл заңдылықтарын білу және олардың күшін пайдалану ғана қалды», – деп баланың табиғатпен етене жақын өсуін тәрбиелеу жұмысы балалардың жас ерекшеліктеріне сай келіп қана қоймай, табиғатқа жақын қарым-қатынаста болуы керек, педагогикада «табиғаттың тәрбиелік ықпалы... болар-болмас дәрежеде бағаланғаны таңқаларлық нәрсе», – деп қапаланды [1].

Экологиялық білім беру - бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған

оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі - табиғатты қорғау білімімен тығыз байланысты.

Қазіргі заманғы экологиялық білім берудің негізгі мақсаты - қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Міндеті - адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұсынған 2050 Қазақстан - стратегиялық бағдарламасында осы мәселеге айрықша көңіл бөлінгенін атап өткен жөн. Дамудың осы стратегиялық бағытына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі 1999 жылы 4 қаңтарда «Экологиялық білім бағдарламасын» бекіткен болатын [2]. Аталған құнды құжаттарды басшылыққа ала отырып, кез келген ұстаз өзінің барлық жұмыс бағдарламасын жоғарғы талап дәрежесіне сай жүргізуі тиіс. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жастарды ізгілікке, парасаттылыққа баулитын экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы арта түсуде. Себебі «табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар жердегі тіршілікке қауіп төндіріп отыр.

Қазіргі таңдағы еліміз қажет етіп отырған кең профильді эколог-мамандар мына мәселелерді шеше алатын болуы тиіс:

1. Қоршаған ортадағы өзгерістер мен олардың экожүйеге әсерін сараптау және биосфераның физика-химиялық қасиеттерін зерттеу;

2. Экологиялық қауіпке алып келетін тепе-теңдіктің бұзылуының шынайы себептерін анықтау арқылы, жергілікті жердің экологиялық ахуалын зерттеу;

3. Тәжірибелік мәліметтер негізінде, жергілікті жердің экологиялық жағдайын зерттеу және болжау, антропогенді экологиялық кризистердің дер кезінде алдын алу;

4. Экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында қоршаған ортаға қатысты өндіріс қалдықтарын өңдеу мен жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарын жетілдіру туралы ұсыныстар жасау;

5. Қоршаған ортаны бұзушыларды жауапкершілікке тарту, жергілікті жердің экологиялық картасын, шаруашылық орындарының табиғат қорғау құжаттарын, яғни кәсіпорынның экологиялық картасы, зиянды заттардың шектік мөлшерін, экологиялық іс-шаралардың жоспарларын жасай білу т.б.

Адам мен табиғаттың, қоғам мен ортаның өзара әрекеттестігі, өнеркәсіпті өндірістің қазіргі таңдағы көптеген жарамсыз технологияларымен қарқынды өсу жағдайына өмір сүруі, қиындықтың шама-шегіне жетті. Адамзат тіршілігінің өзіне де қауіп төнді: табиғат қорлары үзіліссіз сарқылысқа түсті, ортаның ластануынан адам өміріне қауіп төнді. Бүкіл әлемде экологиялық дағдарыстар мен апаттар ұлғая түсуде. Экологиялық апаттар биоортадағы жағдайларға әсері арқылы дүние жүзінің әрбір аймағындағы құбылыстардың дамуына айтарлықтай ықпал жасауда. Адамның табиғатты «сарқылмас байлық» деп тұтынушы ретінде бағалауы адамзат пен қоршаған ортаның тепе-теңдігінің бұзылуына жол берді. Оның кері әсерінің жылдан-жылға ұлғайып бара жатқандығын аңғарған адамзат экологиялық мәселелерді шешу үшін дабыл қаға бастады. Онда түрлі табиғат қорғау ұйымдары құрылып, қоғамдық акциялар ұйымдастырылуда. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар шығарыла бастады. Дегенмен, биосфераның тозуы, озон қабатының жұқаруы, радиоактивті қалдықтардың көмілуі сияқты әлемдік деңгейдегі экологиялық мәселелер тиімді механизмдердің іске қосылуын талап етеді. Адам мен табиғат арасындағы қатынастардың жалпыға ортақ ережелерін шығарып, оларды құқықтық жауапкершілік

деңгейінде бекіту сияқты шешімдер экологиялық жағдайының одан әрі асқынуына жол бермейді деген тұжырым жасатады. Экологиялық мәселенің бірегейлігі, ерекшелігі осында. Демек, әлемдік дәрежедегі экологиялық жағдайды жақсартудың тұрақты бағдарын ұстану үшін адам санасын қалыптастыруда түбегейлі өзгерістер қажет. Ал бұл жаппай экологиялық білім алу ісін жолға қоймай мүмкін емес. Экологиялық білім мен тәрбие қоғамның әрбір мүшесіне бағыттталып, оған табиғатты қорғау және көркейту шараларын үйретуді көздейді. Мұның түпкі мақсаты – табиғат байлықтарына жауапкершілікпен қарайтын экологиялық тұрғыда саналы жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін:

Біріншіден, білім алушыға, тәрбиеленушіге жаратылыс пәндерін негізге алып, белгілі дәрежеде экологиялық білім беру;

Екіншіден, осы білімін табиғатты қорғау мен көркейту ісіне бағыштай білуге тәрбиелеу қажет.

Осы аталған екі шараны тиімді ұштастыру нәтижесінде білім алушыда қоршаған табиғи ортаға жауапкершілік көзқарас қалыптасып, жалпы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық мәдениет дамиды.

Экологиялық білім беруді адамгершілігі жоғарғы жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісінен ажыратып алуға болмайды. Адам жоғарыдан келетін нұсқауларды бұлжытпай орындау емес, өз бетімен дұрыс шешімдер қабылдай алатын шығармашыл болуы керек. Ерте жасынан бастап, әр адам өзінің қоршаған ортаға деген бейберекет көзқарасы неге әкеліп соғатынын білуі тиіс. Табиғи ортаның ластануы қандай ауруларды туғызады қандай генетикалық ауытқуларға апарарды? Жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерінің сан жағынан азаюы немесе, тіпті, таусылу себебі неде? Топырақ құнарлығының нашарлауы, ауызсу қорының азаюы неліктен? деген сияқты табиғи ортадағы келеңсіз өзгерістер жөнінде білуі керек. Біліп қана қоймай, үрдіске қатысатын кез келген адам белгілі бір әрекеттерді өз бетінше таңдай алады. Олардың қоршаған ортаға әсерінің пайдалы немесе зиянды болуы осы адамға байланысты. Міне, сондықтан әр адамның санасында қоршаған ортаға зиян келтіруге мүмкіндік бермейтін, табиғатпен тиімді әсерлесуге ұмтылдыратын адамгершілік ұстанымдары қалыптасуы керек. Мұндай адам күрделі жағдайларда экологиялық жағынан дұрыс шешім қабылдап, ұнамсыз нәтижелерге жол бермейтін болады. Осыған байланысты экологиялық білім мен тәрбие мектепке дейінгі, орта, арнаулы және жоғарғы білімнің құрамдас бөлігіне айналып, жасы, мамандығы, білім деңгейі әртүрлі адамдарда жаңа экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталуы керек. Сөйтіп, экологиялық білім мен тәрбие берудің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі республикамызда қоршаған орта жөніндегі білімді дамытудың құқықтық негіздері қалыптасты. Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының “Қоршаған ортаны қорғау туралы” Заңында (63-65 баптар), Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” Заңында (3 бап) білімнің экологиялық бағыты мемлекеттік білім беру саласындағы саясаттың негізгі ұстанымы ретінде анықталады [3]. Қазіргі кезде адамзатты қоршаған ортаның күрделі экологиялық проблемалары толғандыруда және оларды жедел шешу тәсілдері іздестірілуде. Бұл арада шешілуге тиісті ең негізгі мәселе адамның табиғатқа тигізетін әсері қандай және одан қалпына келмейтін қандай тізбекті өзгерістер туындайтынын анықтау болып отыр. Бұл мәселені бір жағынан ғылым екінші жағынан ғылымның ашқан жаңалықтары негізінде іс-әрекет жасауға бастайтын білім ғана шешіп береді. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскенде экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Бұл проблемалар Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстан -2030” Стратегиясында басты орында тұр [4,5].

Қорыта келгенде, экологиялық білімнің тиімділігі жүйелік тәсілге негізделіп, үздіксіз жүзеге асырылғанда ғана жеңіске жетеді. Үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құрудың мақсаты – ғылыми және тәжірибелік білімнің бірлігі негізінде білім алушылардың экологиялық көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын құндылықты, мінез-құлық, іс-әрекетті қамтамасыз ету. Қазіргі кезеңнің ерекшелігі экологиялық білім және тәрбие беруді қолма-қол өмірге енгізіп, жетілдіру керек. Өйткені, табиғаттағы апатты жағдайлар жасынан “экологияландырылған” ұрпақтың өсіп жетілуін күтуге, ұзақ мерзімді эксперимент жүргізуге уақыт қалдырмайды. Экологиялық білім көпшіліктің санасына айналадағы ортаны сақтаудағы жауапкершілікті ұялатып, қоғамның әр мүшесінің бойында табиғатқа деген аяушылық сезім қалыптастыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ушинский К.Д.Собр.соч.:в11т. – М.: Академия пед.наук РСФСР, Т.5.- 1950.- 355С.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. –Алматы,1999ж.
3. К.Салпынова Экологиялық тәрбие берудің қазіргі жағдайы //География Казахстана и экология №3 2004 – 8б.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелері) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2000.
5. А.Е.Манкеш. Бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру. –Алматы: РБК, 1998ж.

УДК 37: 378.1

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МЕН КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ

Калдыбекова Айгерім

«Педагогика және психология» мамандығының магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
e-mail: sharban56@mail.ru

Кілттік сөздері: жастар, тәрбие, патриоттық тәрбие, көшбасшылық қасиеттер, көшбасшы

Аннотация: Автор статьи раскрывает проблему воспитания патриотических чувств и лидерских качеств у молодежи высших учебных заведений.

Summary: The author of the article reveals the problem of education of patriotic feelings and leadership qualities among young people of higher educational institutions.

Қазіргі таңда әлеуметтік және экономикалық өзгерістер жағдайында қоғам адамгершілікті, рухани бай және шығармашылықты, кәсіби және тұлғалық мәдениеттің жоғары деңгейіне ие, Қазақстанды қайта құру үдерісіне қатысуға белсенді қызығушылығы бар адамдарға өткір қажеттілік пісіп жетілді. Отбасы мен мектеп жас тұлғаның тұлғалық өзіндік ерекшелігінің негізін қалайды және оның болашақтағы мінез-құлқының стереотиптерін қалыптастырады, дегенмен, тұлғаның түбегейлі қалыптасуы студенттік жылдарда орын алады.

Студенттер – жастардың неғұрлым белсенді, ықпал етуге шалдыққыш және болашаққа бағдарланатын бөлігі. Сондықтан, жоғары кәсіптік білім жүйесіне бірқатар мемлекеттік құжаттарда белгіленген ерекше талаптар қойылады. Мысалы, ҚР

президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың қабілетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды»- деп әр жыл сайын сауаттылығы жоғары бәсекеге қабілетті, белсенді, яғни көшбасшылер қалыптастыру міндетін қойып отырғандығын байқаймыз [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы нәтижесінде бірнеше әлеуметтік - экономикалық тиімділіктер қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Соның бірі: «Жаңа формациядағы мұғалімдердің қажетті санда және тиісті біліктілікте қалыптастыру. Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келетін, азаматтардың кәсіби, қызмет жолында және жеке өсуіне ықпал ететін адами сапаларын дамыту қажет» делінген. Яғни, оқытушылар алдына қоғам талабына сай жоғары интеллектуалды және коммуникативтік қабілетке ие, нарықтық бәсекеде басқаруға бейім, қойылған мақсатқа топтың қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, әр түрлі жолмен жетуге қабілетті азаматтар тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Осы міндеттерді шешуде жоғары оқу орны болашақ маманның кәсіби қызметінің алдындағы шешім қабылдағыш, жауапты, белсенді, бастамашыл болуын қамтамасыз ететін баспалдағы болғанымен, студенттердің патриоттық сезімін және көшбасшылық қабілетін дамыту мәселесінің аз зерттелуінен аталған тақырып өзекті мәселеге айналып отыр.

Педагогика теориясы мен тәжірибесінде тәрбие мазмұны ең маңызды және көкейкесті ұғымдардың бірі. Ұрпақтардың табиғи түрде алмасуы қай кездеболмасын маңызды қоғамдық міндет болып табылатын алдыңғы ұрпақтарданкелесі ұрпақтарға әлеуметтік тәжірибені жинақтап жеткізетін тәрбие процесіорындалатын білім беру жүйесіне қоғамның аса көп көңіл аударуын талап етеді. Ресей ғалым-педагогтын «Педагогика» (Т.А.Ильина) оқулығында «Патриотизм– өз Отанына деген сүйіспеншілігін-адамның бойындағы өте терең де күштісезім», ал «Отан сезімі, өзін өз елінің азаматымын деп сезіне білуі, өзінің бүкілелімен және халқымен тұтастығын сезу...» , – деген анықтама берілген [2].

Бүгінде халқымыздың тарихи тәжірибесін қайта бағалау, дәстүрлі-өнегелікнегіздерді өзгерту, және соның нәтижесінде қазақстандықтардың жаңа саясисанасын қалыптастыру талпыныстары жасалуда, олардың ішінде мемлекеттікжүйенің тұрақтылығы мен өмірге қабілеттілігін, ұдайы өндірісін нығайтудапатриотизм маңызды роль атқарады. «Қазақстан Республикасындағы білім беруұйымдарында тәрбиелеудің кешенді бағдарламасында» тәрбиенің нақтыұстамдары анықталған. Тұтас педагогикалық процессті ұйымдастыру барысындамұғалімдер принциптерді іске асыруға қабілетті болулары қажет,педагогтын

тәрбиеленушіні өз дамуына өзі жауапты субъект ретінде қарастырып,гуманистікбағытта жүргізілу принципі,табиғи және әлеуметтік мәдени процестердің өзарабайланысын ғылыми тұрғыда түсіну,жалпы азаматтық құндылықтарғанегізделген ұлттық мәдениет ережелері мен регионалдық дәстүрлерлерге сәйкестәрбиелеуді тұлғаның саяси-идеялық, эстетикалық дамуы,дене шынықтыру,қарастыру мәдениетке сәйкестілік принципі. Сонымен тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері тәрбиелік жұмыстардың мазмұнын анықтауға тікелей қатысты.

Тәрбие мазмұны – әр тұлғаның өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне қамтамасыз етуге, оның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасауға бағытталған, қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштерінің бірі. Сонымен бірге, тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке тәрбиелеу, өз қоғамын атығыз байланысты және сол қоғамды жетілдіруге ұмтылған адам және азамат қалыптастыру қамтамасыз етіледі. Жас ұрпақты тәрбиелеу үнемі тұрақты идеялар мен құндылықтарға негізделуі қажет. Сондықтан да қазіргі замандағы барлық тәрбие жүйесінің идеялық негізгі ретінде бірнеше ғасыр тәжірибесінде қалыптасқан және дәлелденген гуманизм принциптері болуы тиіс. Тәрбиенің жалпы мақсаты мен бірге тәрбие процессінде әр тәрбиеленуші үшін жекемақсат, жеке даму жолы болуы тиіс. Себебі әр бір адам дара, қайталанбас жан. Әр адамның өзінің жан дүниесі болымы ұстамдылығы ерекше қайталанбайтын табиғи берілген өзінің ұстамдары болады. Осылайша, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар субъектісі қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Азаматтық тәрбие жеке тұлғаның азаматтық сана-сезімін, конституциялық, құқықтық көзқарасын қалыптастыруды қарастырады. Шынайы патриотизмді жаңғырту – Қазақстанды жаңғыртуға жасалған қадам. Дәл осы патриотизм халықтың рухани игілігі, қоғамдық сана мен қоғамдық және мемлекеттік жүйелер тұғырының негізгі элементтерінің бірі болып табылады, олардың тіршілік әрекеті мен тиімді қызметінің рухани-өнегелік негізін құрайды. Азаматтық тәрбиенің негізгі мақсаты адам бойында отанға, бейбітшілікке деген сүйіспеншілік ұмтылысын қоғам мүддесі үшін аянбай еңбек ету отан алындағы борышын адал орындауға тәрбиелейді. Тәрбиенің барлық түрлері мектептің тұтас педагогикалық процессінде студент жастардың ғылым мен білім негіздерін үйренуде, сонымен қатар отбасында да жүзеге асады. Білім мен тәрбие алған барлық жылдары бойы адамзат еңбегімен құрастырылған өмір мен мәдениет құндылықтары мен танысады. Ұлы Абай Құнанбаев шығармашылығының негізгі өзегі – адамның адамгершілігі, ар-ұяты, ақылдылығы болып келеді, мысалы «Адам бол», «Өзіңдегі адамгершілік қасиетті сақта» [3]. Біздің ойымызша, жастарды еңбекке патриоттық тәрбиелеумен қатар сапалы білім алу және денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрқайсымыздың денсаулығымыз – бұл жеке байлық қана емес, ол сондай – ақ, еліміздің экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарт. Адамдардың денсаулығы да – сол елдің елдігін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты. Жастарды салауатты өмір салтына қалыптастыру мәселесі – білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың көкейтесті мәселелерін зерттеу, ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу, тәжірибеде қолдану аясын айқындап, әдістемелік жүйесін қалыптастыруда республикамызда ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Үкіметінің 1999 ж. 30 маусымдағы «Салауат өмір салтының кешенді бағдарламасы», Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде «Салауаттану – денсаулықты сақтау» бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру тұжырымдамасы, т.б. Аталған құжаттарда басты назарда болған мәселенің бірі – жастар тәрбиесі, оның ішінде қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемасы. Азаматты тәрбиелеуде іздеу жасақтары және міндеті мекемелер топтарымен қоғамдық ұйымдар қызметі ерекше орын алады. Жоғары мектептерде мемлекет рәміздеріне, отаншылдыққа қатысты әңгіме өтеді. Егер жоғары мектепте жұмыс атмосферасы жасалмаса сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда қатаң тәртіп сақталмаған жағдайда, мұғалімдер жалпы білім беру және

тәрбиелеу міндеттерін дұрыс шеше алмайды, соның ішінде әскери-патриоттық тәрбие болады. Мысалы ретінде, патриоттық жұмыстың ықпалынжасайтын әскери-патриоттық клуб қызметі. Клубтардың қалыптасу тарихыныңтамыры тереңде жатыр. Клуб – қарым-қатынас, кездесу орындары. Бәрінен бұрын, клуб – бұл қызығушылықтар мен жеке мәселелерін шешудіұйымдастырудың ұжымдық тәсілі. Осылайша, қалыптасып келе жатқан білім алушы тұлғасы ішкі бірлік пен тұтастықты сипаттайтын динамикалық құрылым ретінде көрінеді. Тұлғаның алуан түрлі қасиетімен тығыз байланысты. Патриоттық тәрбие процесінде олардың сана-сезіміне сәйкес эмоционалдық жағдайын оятып, практикалықдағдылар мен шеберліктерін қалыптастыру керек. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында жастарға патриоттық тәрбие берудің мазмұнын айқындауда тәрбиенің негізгі қағидалары басшылыққа алынады: тәрбиенің мақсаттылығы, тәрбиенің өмірмен байланысы, студенттің жас және дара ерекшелігі, талап қою арқылы дамыту, тәрбиенің жүйелілігі, бірізділігі жәнеүздіксіздігі, тұлғаны ұжым арқылы тәрбиелеу, жоғары мектеп, отбасы жәнеәлеуметтік ортаның бірлігін негізге ала отырып іске асырылады. Студенттерге патриоттық тәрбие беруде жоғары мектептегі әр қызметкерлердің өзіндік атқарар міндеті бар. Ол әр қызметкерге жоғары мектептің жарғысын және ішкі жағдайды орындау Ережесіне сәйкес жүргізіледі. Патриоттық, отан сүйгіштік рухта тәрбие беру мәселесін шешу барысында әр қызметкердің – ректордың, тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың, куратордың, пән оқытушының орындайтын міндеттері тұтас қарастырылады. Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының жәнеереспубликада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Еліміздегі жоғары білім берудің негізгі міндеті маманды тек қана біліммен қарулардырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениеттің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, көшбасшылық қасиеттерін ашуға мүмкіндік жасау болып табылады. Студентті тек болашақ маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, шығармашылық тұлға келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ал болашақ мамандарды осы айтылғандарға сәйкес дайындау, оның болашақ кәсіби құзыреттілігіне сәйкес білім берумен қатар көшбасшылық қасиеттерін дамытудан бастау алады.

Тұлғаның дамуы жиі адамның өзін өзгерте алуына деген сенімнің жоғымен тежеледі. Өмірдің әрбір сатысында адамдар өмірлік тәжірибенің негізінде өсуі мен алынған сабақтарға мән бермей, жеңіліске ұшыраудың арасында таңдау жасап отырады. Көшбасшылыққа деген талпыныс өз өміріңізде жасалған әрбір қадам үшін жауап беруіңізді талап етеді. Кейде адамдарда өздерін өзгерту үшін қажет идеялар мен табандылық жетіспейді. Олар бұл білімді атақты адамдардың өмірбаяндары мен естеліктерін оқу арқылы алуға тырысады. Бұл - көшбасшылыққа апаратын ең сенімді жол деп ойлайды. Бірақ, бұл дұрыс емес. Әрбір адамның өмірлік жағдайлары, тарихи ахуалдары ерекше.

Әр қазақстандық болашақ азамат және азаматшасы көшбасшы бола білуі қажет. Ал сол көшбасшылық қасиетін дамыту, жетілдіру тәрбие жұмысының негізгі аспектісі.

Біздің ғасырымыз жаңа технологиялардың дәуірі болуымен қатар, өзін - өзі тану мен бойындағы қасиеттерді дамыту ғасыры болып табылады. Заманымыз секунд сайын өзгеріп отырғандықтан, жемісті әрі бақытты өмір сүру үшін адам баласы өмір бойы түрлі дағдыларды үйреніп, заман талабына сай көшбасшы болуға ұмтылуы қажет.

Жас маманды алда жұмыс және жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін байытудың өмірлік үрдісі ретінде қайта оқу күтіп тұрады. Жоғары оқу орнын

тамамдаған болашақ педагогтарды «Заман талабына сай табысты, өзгерісті тез қабылдайтын, икемді маман болу үшін не істеу керек? Өз жұмысымды жаңа талаптарға сәйкес қалай ұйымдастыра аламын?» деген сұрақтар қатты ойландырады. Осы бағытта көмек көрсете алатын бағдарламаның ғылыми-теориялық негіздерін игерген, андрагогикалық принциптерді түсінетін педагогтар қажет. Кезінде игерген кәсіби білім аясында біліктілігі мен кәсіби құзіреттілігін үнемі арттырып отыру қабілеті — қазіргі заман маманының қажетті сапасы. Осыған орай, Қазақстанның жоғары және арнаулы оқу орындарында студенттерге өз халқының рухани құндылықтарын дәріптеу жастарға патриоттық, отан сүйгіштік рухта тәрбие берудің және көшбасшылық қасиеттерін дамытудың қайнар көзі болып табылады - деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы – Астана, 2014
2. Ильина Т.А. Педагогика. – М., 1990
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005
4. Бубякина А. Е. Развитие лидерских качеств подростка в детском общественном объединении посредством социального проектирования // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – Т. 26. – С. 461–465.

УДК 681.3:004.057.5

Основные правила техники безопасности при использовании обучающимися компьютерной техники

Ашимова Молдир

магистрант Кызылординского государственного университета им. Коркыт

Ата, г.Кызылорда

e-mail: sharban56@mail.ru

Ключевые слова: техника безопасности, обучающийся, информатика, компьютерная техника, правила

Аннотация: Мақалада автор компьютер жабдықтар пайдалану кезеңінде негізгі қауыпсыздық сақтауға арналған шаралармен таңыстыруда.

Summary: In the article the author gives examples on observance by students of safety precautions in the office of informatics when working with computer settings.

Вопрос организации охраны труда, личной безопасности обучающихся и работников является одним из наиболее важных и сложных в системе работы образовательного учреждения. Комплекс мероприятий в области охраны труда подразумевает такие направления деятельности, как создание безопасных условий пребывания школьников и персонала, соблюдение санитарно-гигиенического режима, мер противопожарной и электробезопасности, решения вопросов энергосбережения, а также обучение безопасному поведению, знанию норм и правил охраны труда, ведение обязательной документации, определяемой номенклатурой дел, и многое другое [1,2].

Немаловажным фактором, напрямую влияющим на состояние травматизма в школе, является также периодически изменяющееся психоэмоциональное состояние детского коллектива, наличие и большое количество гиперактивных детей, работа с ними психологической службы, организация системы дежурства.

Далее в докладе мы представим основные требования безопасности учащихся школ в кабинете информатики [3,4].

Общие требования безопасности для учащихся в кабинете информатики.

Во-первых, отметим, что к работе в кабинете информатики допускаются учащиеся с 1-го класса, прошедшие инструктаж по охране труда, медицинский осмотр, не имеющие противопоказаний по состоянию здоровья и ознакомленные с данной инструкцией. Работа учащихся в компьютерном классе разрешается только в присутствии учителя (техника, лаборанта). Во время занятий посторонние лица могут находиться в классе только с разрешения учителя. Во время перемен между уроками проводится обязательное проветривание компьютерного кабинета с обязательным выходом учащихся из класса.

Также, при работе в кабинете информатики возможно воздействие на учащихся следующих опасных и вредных производственных факторов:

- неблагоприятное воздействие на организм человека неонизирующих электромагнитных излучений мониторов;
- неблагоприятное воздействие на зрение визуальных эргономических параметров мониторов, выходящих за пределы оптимального диапазона;
- поражение электрическим током.

Нужно всегда помнить, что каждый учащийся в ответе за состояние своего рабочего места и сохранность размещенного на нем оборудования. Кабинет информатики должен быть укомплектован медицинской аптечкой с набором необходимых медикаментов и перевязочных средств для оказания первой помощи при травмах или при плохом самочувствии. При работе в кабинете информатики необходимо соблюдать правила пожарной безопасности, знать места расположения первичных средств пожаротушения. Учащиеся, допустившие невыполнение или нарушение инструкции по охране труда, привлекаются к ответственности и со всеми учащимися проводится внеплановый инструктаж по охране труда.

Требования безопасности для учащихся перед началом работы в кабинете информатики.

Перед началом занятий в кабинете информатики ученику необходимо убедиться в отсутствии видимых повреждений на рабочем месте, разместить на столе тетради, учебные пособия так, чтобы они не мешали работе на компьютере, принять правильную рабочую позу, посмотреть на индикатор монитора и системного блока и определить, включён или выключен компьютер. Далее ученику переместите мышь, если компьютер находится в энергосберегающем состоянии или включить монитор, если он был выключен.

Требования безопасности во время работы учащихся в кабинете информатики.

При работе в компьютерном классе учащимся категорически запрещается находиться в классе в верхней одежде; класть одежду и сумки на столы; находиться в классе с напитками и едой. Учащимся запрещается:

- Располагаться сбоку или сзади от включенного монитора;
- Присоединять или отсоединять кабели, трогать разъемы, провода и розетки;
- Передвигать компьютеры и мониторы;

- Открывать системный блок;
- Включать и выключать компьютеры самостоятельно.
- Пытаться самостоятельно устранять неисправности в работе аппаратуры;
- Перекрывать вентиляционные отверстия на системном блоке и мониторе;
- Ударять по клавиатуре, нажимать бесцельно на клавиши;
- Класть книги, тетради и другие вещи на клавиатуру, монитор и системный блок;
- Удалять и перемещать чужие файлы;
- Приносить и запускать компьютерные игры.

Учащиеся, находясь в компьютерном классе, *обязаны*:

- Соблюдать тишину и порядок;
- Выполнять требования учителя и лаборанта;
- Находясь в сети работать только под своим именем и паролем;
- Соблюдать режим работы (согласно п. 9.4.2. Санитарных правил и норм, утвержденных для общеобразовательных учреждений);

• При появлении рези в глазах, резком ухудшении видимости, невозможности сфокусировать взгляд или навести его на резкость, появления боли в пальцах и кистях рук, усиления сердцебиения немедленно покинуть рабочее место, сообщить о происшедшем учителю и обратиться к врачу.

Работа в компьютерном классе требует от учащегося соблюдения следующих правил:

- Расстояние от экрана до глаз – 60 – 80 см (расстояние вытянутой руки);
- Вертикально прямая спина;
- Плечи опущены и расслаблены;
- Ноги на полу и не скрещены;
- Локти, запястья и кисти рук на одном уровне;
- Локтевые, тазобедренные, коленные, голеностопные суставы под прямым углом;
- Приветствовать входящих в класс во время урока, сидя.
- Длительность работы за компьютером не должно превышать: для учащихся 1-х классов (6 лет) - 10 мин., для учащихся 2-5 классов - 15 мин., для учащихся 6-7 классов - 20 мин., для учащихся 8-9 классов - 25 мин., для учащихся 10-11 классов - при двух уроках подряд на первом из них - 30 мин., на втором - 20 мин., после чего сделать перерыв не менее 10 мин. для выполнения специальных упражнений, снимающих зрительное утомление.

Требования безопасности в аварийных ситуациях в кабинете информатики

- При появлении программных ошибок или сбоях оборудования учащийся должен немедленно обратиться к учителю или лаборанту.
- При появлении запаха гари, необычного звука немедленно прекратить работу, и сообщить учителю или лаборанту.

Требования безопасности для учащихся по окончании работы в кабинете информатики

Учащийся после окончания работы на компьютере обязан завершить все активные программы и корректно выключить компьютер и оставить рабочее место чистым.

В школе работники (учителя, лаборанты) должны соблюдать технику безопасности труда при работе не только с компьютером, но и с другой оргтехникой, как принтер, ксерокс, сканер, интерактивная доска и др.

Общие требования безопасности труда для учителя и обслуживающего персонала школы при работе с компьютером и другой оргтехникой.

Во-первых, к самостоятельной работе с компьютером, ноутбуком, принтером, ксероксом, сканером, плазменной панелью, LCD-экраном и другой оргтехникой допускаются лица, достигшие 18 летнего возраста, прошли медицинский осмотр, инструктаж по охране труда, не имеющие противопоказаний по состоянию здоровья. Так как во время работы на компьютере и другой оргтехнике на учителя могут влиять такие опасные и вредные факторы, как:

- электроток и излучение;
- перенапряжение зрения во время работы с электронными устройствами, монитором, особенно при нерациональном размещении экрана по отношению к глазам.

Осветительные установки должны обеспечивать равномерное освещение и не должны образовывать ослепляющих отблесков на клавиатуре, а также на экране монитора по направлению глаз. При работе с компьютером, принтером, ксероксом и другой периферийной техникой не допускается расположение рабочего места в помещениях без естественного освещения, без наличия естественной или искусственной вентиляции. Рабочее место с компьютером и оргтехникой должно размещаться на расстоянии не меньше 1м от стены, от стены с оконными проемами - на расстоянии не менее 1,5 м. Угол наклона экрана монитора или ноутбука по отношению к вертикали должен составлять 10-15 градусов, а расстояние до экрана - 500-600 мм. Угол зрения к центру экрана должен быть прямым и составлять 90 градусов. Для защиты от прямых солнечных лучей должны предусматриваться солнцезащитные устройства (пленка с металлизированным покрытием, регулируемые жалюзи с вертикальными панелями и др.). Освещение должно быть смешанным (естественным и искусственным). В помещении кабинета и на рабочем месте необходимо поддерживать чистоту и порядок, проводить систематическое проветривание. Обо всех выявленных во время работы неисправностях оборудования необходимо доложить руководителю, в случае поломки необходимо остановить работу до устранения аварийных обстоятельств. При обнаружении возможной опасности предупредить окружающих и немедленно сообщить руководителю; содержать в чистоте рабочее место и не загромождать его посторонними предметами. О несчастном случае очевидец, работник, который его обнаружил, или сам потерпевший должны доложить непосредственно руководителю учреждения и принять меры по оказанию медицинской помощи. Лица, виновные в нарушении требований, изложенных в данной инструкции, привлекаются к дисциплинарной ответственности в соответствии с действующим законодательством.

В заключении хотелось бы сказать, что каждый учащийся и его учитель должны знать и придерживаться всегда нормативных условий соблюдения техники безопасности при работе с компьютерами, орг. техникой и т.д. Ведь это в первую очередь связано с сохранением, сбережением и укреплением здоровья каждого из них.

Список использованной литературы:

1. Информатика / Под редакцией У.П. Макаровой. – Москва, 2000
2. Шафрин Ю. Основы компьютерной технологии: справочник. - М., 1997 – 560с.
3. Хакиджанов Т.Е. Безопасность жизнедеятельности. Расчет аспирационных систем. Методические указания к выполнению раздела в дипломных проектах (для студентов всех форм обучения всех специальностей). – Алматинский институт энергетики и связи, 2003. – 27с.
4. Хакиджанов Т.Е. Охрана труда: Учебник для ВУЗов. – Алматы: Эверо, 2006. – 264с.

СЕКЦИЯ №4

Инновационные IT-технологии и моделирование технологических процессов

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ ОРТАСЫНДА
САНДЫҚ АВТОМАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ

А.Темирбек¹, Г.К.Сыдыкова²

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қаласы
магистроқытушы¹, т.ғ.к., қауымд.профессор²
e-mail: aiku08@mail.ru

Андатпа

Мақалада жады блогы екі сатылы JK триггерлерден тұратын, модулі 10 болатын жиілік бөлгіш – синхронды жинақтаушы екілік санауышты жобалау қарастырылды, схемасы Electronics Workbench модельдеу ортасында құрастырылды.

Кілт сөздер: сандық автомат, екілік санауыштар, JK триггерлер, модельдеу.

Аннотация

В статье рассмотрена проектирование синхронного суммирующего двоичного счётчика-делителя частоты по модулю 10 на двухступенчатых триггерах типа JK. Представлена реализация схемы в Electronics Workbench.

Ключевые слова: цифровой автомат, двоичные счётчики, JK триггер, моделирование.

Annotation

The article presents the design of the synchronous adding binary counter frequency divider on the module 10 on two-stage JK triggers. Implementation of the circuits is provided to Electronics Workbench.

Keywords: digital automatic machine, binary counters, JK trigger, simulation

Кез-келген радиоэлектрондық құрылғыны жасау физикалық немесе математикалық модельдеу арқылы жүзеге асады. Физикалық модельдеу макеттерді дайындауды және еңбекті көп қажетсінетін зерттеулерді талап ететіндіктен үлкен материалдық шығынға алып келеді. Кей жағдайда құрылғының өте күрделілігіне байланысты физикалық модельдеуді жүргізу мүлде мүмкін болмайды, мысалы үлкен және аса үлкен интегралдық микросхемаларды жасау кезінде. Осындай жағдайларда есептеу техникасының құралдары мен әдістерін қолданатын математикалық модельдеуді пайдалануға тура келеді.

Бүгінгі таңда схемаларды модельдеу орталары жақсы дамыған және қол жетімді, дәстүрлі әдістерді толықтырады. Осындай бағдарламалар барлық шетелдің техникалық оқу орындарында қолданылады. P-CAD және DesignLab модельдеу орталарында сандық құрылғыларды логикалық модельдеу блогы бар болғанымен, оларды меңгеру жаңадан бастап жүргендерге, әсіресе студенттер үшін бірталай қиындық тудырады. Автоматтандырылған жобалау әдістерін меңгерудің бастапқы кезеңдері мен ізденіс-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдерінде Electronics Workbench – EWB бағдарламасын қолдану қолайлы болып келеді. Electronics Workbench схемотехникалық модельдеу ортасы аса күрделі аналогтық, сандық және сандық-аналогтық схемаларды модельдеу мүмкіндігін береді.

Сандық автоматтарды- құрылғыларды жобалау келесі кезеңдерден тұрады:

- Құрылғының жұмыс істеу шарты бойынша құрылғы нақты нені орындау керек екені анықталады, және оның жұмыс істеу алгоритмі нақтыланады.
- Құрылғымен жүзеге асырылатын логикалық функция үшін ақиқат кестесі құрастырылады.
- Логикалық функция құрастырылады және оны ықшамдайды.
- Жобаланатын құрылғының схемасы жасалады.

Санауыш деп кіріс импульстерінің санына сәйкес келетін көп разрядты екілік кодтарды қалыптастыруға арналған сандық автоматты айтады. Кіріс импульстерінің келіп түсуінен санауыш берілген схема үшін белгілі бір тәртіпте өз күйін кезекпен таңдайды. Қолданылатын күйлердің тізімінің ұзындығы М қайта есептеумодулі деп аталады. Санауыштың барлық мүмкін болатын күйлерінің бірі бастапқы немесе нольдік ретінде қабылданады. Егер санауыш бастапқы күйден бастап санайтын және әрбір М кіріс сигналдары арқылы санауыштақайтадан бастапқы күй орнатылатын болса, ал санауыштың шығысында М-дік ауысудың сигналы қалыптасатын болса ондай санауыш – жиілік бөлгіш деп аталады. М-дік ауысу жолының жиілігі осындай санауыштарда кіріс импульстердің жиілігінен аз болады. Санауыштардың әртүрлі схемалары әртүрлі ретте өз күйлерін таңдай алады. Санауыштың күйлерінің кодтарын таңдап алу реті сандық автомат сияқты санауыштың күйлерін кодтау жүйесімен анықталады. Триггерлердің күйлерінің ауысу реті екілік сандардың кезектілігіне сәйкес келетін екілік санауыштар жиі қолданылады. Санауыш өз күйлерін арту ретімен таңдай алады және олар жинақтаушы санауыштар деп аталады. Ал егер, санауыш өз күйлерін екілік сандардың кему ретімен таңдайтын болса азайтатын санауыш деп аталады. Егер басқару сигналдарының әсерінен таңдау реті қарама-қарсы өзгертін болса ондай санауыштар реверсивті санауыштар деп аталады.

Санауыштар синхрондалған триггерлерден құрылады. Егер жады блогының бірнеше триггерлерінде ортақ синхросигнал болса, онда олар синхронды санауыштарды құрастырады. Синхросигналдарды беру схемасы бойынша бірізді жалғанған бірнеше синхрондық санауыштар асинхронды санауышты құрастырады. Бұл жағдайда алдыңғы санауыштың шығыстық ауысу сигналы келесі санауыштың синхрондау сигналы ретінде қолданылады.

Импульстерді санауға арналған сандық автоматтың құрамында жады блогымен бірге комбинациялық схема болады, бұл схема жады блогының жұмыс істеу алгоритміне сәйкес келетін қоздыру сигналдарын қалыптастырады. Сандық автоматтың жады блогын бір сатылы триггерлерден немесе екі сатылы триггерлерден құрастыруға болады. Дегенмен, құрамында екі сатылы триггерлерді қолданған сандық автоматтың схемасы қарапайым көрінеді.

Жады блогы екі сатылы ЖК триггерлерден тұратын, модулі 10 болатын жиілік бөлгіш – синхронды жинақтаушы екілік санауышты жобалап(1-сурет), Electronics Workbench модельдеу ортасында құрастырайық. Осы санауыштың ауысуының кодталған кестесі төменде көрсетілген.

Күйі	0000	0001	0010	0011	0100	0101	0110	0111	1000	1001
Ауысу	0001	0010	0011	0100	0101	0110	0111	1000	1001	0000

Күйлердің рұқсат етілмеген кодтары – 1010, 1011, 1100, 1101, 1110, 1111.

Ауысудың кодталған кестесі


<i>K_{үйі}</i>	0000	0001	0010	0011	0100	0101	0110	0111	1000	1001
<i>J₃J₂J₁J₀</i>	0001	001x	00x1	01xx	0x01	0x1x	0xx1	1xxx	x001	x00x
<i>K₃K₂K₁K₀</i>	xxxx	xxx1	xx0x	xx11	x0xx	x0x1	x00x	x111	0xxx	1xx1

Санауыштың JK триггерлерінің Вейч диаграммасын қолданып ықшамдалған функциялары төмендегідей болады:


$$\begin{aligned}
 J_0=K_0=\text{const } 1. & & J_1 = \overline{Q_3}Q_0; & & K_1 = Q_0; \\
 J_2=K_2=Q_1Q_0; & & J_3 = Q_2Q_1Q_0; & & K_3 = Q_0;
 \end{aligned}$$

Осы теңдеулердің негізінде модулі 10 болатын санауыш-сандық автоматтың комбинациялық схемасы жиналады. Санауышты құрастыруда екі екі кірісі және бір үш кірісі бар үш ЖӘНЕ логикалық элементтерін, RS орнатушы кірістері бар JK типті триггерлерді аламыз, RS кірістері схемада қорек көзінің нольдік шығысына жалғанады. Қорек көзін қосқан кезде модулі 10 болатын екілік санауыш нольдік күйге түседі және ешқашан қандай да бір рұқсат етілмеген күйге өтпей барлық рұқсат етілген күйлерді кезекпен таңдай бастайды. Сандық автоматтың кіріс сигналын беру үшін функционалдық генератор қолданылады. Логикалық бірдің деңгейін беру үшін 1 кОмкедергісі бар резисторға бірізді жалғанған +5 В қорек көзі қолданылады. Сандық автоматтың уақыттық диаграммасын бақылау мақсатында сегіз немесе он алты арнасы бар логикалық анализатор қосылады. Жады блогындағы триггерлердің күйінің индикациясы үшін түрлі-түсті индикаторлар қолданылады.

Кез-келген басқа да санауыштар модуль саны 10 болатын екілік санауышпен бірдей жобаланады. Себебі, санауыштың барлығы сандық автомат болып табылады.



1 сурет - Electronics Workbench модельдеу ортасында құрастырылған модулі 10 болатын жиілік бөлгіш – синхронды жинақтаушы екілік санауыш



2 сурет –Синхронды жинақтаушы екілік санауыштың уақыттық диаграммасы

Әдебиеттер тізімі

1. Воробьев Н.И. Проектирование электронных устройств: Учебное пособие. – М.: Высш. шк., 1989. – 223 с.
2. Карлашук В.И. Электронная лаборатория на IBMPC. Лабораторный практикум на базе ElectronicsWorkbench и MATLAB. Издание 5-е. – М.: СОЛОН-Пресс, 2004. – 800 с.
3. Тюрин С.В. Практикум по теории автоматов: синтез синхронного управляющего автомата. Учебное пособие. Воронеж: Воронеж. гос.техн.ун.-т, 2004. 84 с.

УДК: 004.896

Обзор использования искусственных нейронных сетей в робототехнике

Камаш Б.Б.

Актюбинский Государственный Университет имени К. Жубанова, г. Актобе
e-mail: fryderjr@mail.ru

Ключевые слова: робототехника, нейронные сети.

Аннотация. Проведен детальный обзор вариантов применения искусственных нейронных сетей в робототехнике. Выделены основные задачи возлагаемые робототехниками на искусственные нейронные сети. Определены основные стратегии применения нейронных сетей для решения данных задач.

Abstract. The detailed review of the existing options of neural networks using in robotics was held. Major problems of neural networks using in robotics were identified. Key strategies of using neural networks in robotics were identified.

Аннотация. Бұл мақалада нейрондық желілердің роботты техникасында қолдану түрлердің шолу өткізілген. Нейрондық желілердің роботты техникасында қолданыстың бас мәселелері белгіленген. Бұл мәселелрдің шешу бас стратегиялар белгіленген.

Применение нейронных сетей в робототехнике можно разделить на несколько основных направлений: управление движением, интеллектуальное поведение и сенсорное восприятие. Частным случаем задачи управления движением является, к примеру, создание робота, удерживающего равновесие или способного перемещаться по сложному рельефу. Интеллектуальное поведение является задачей куда более высокого порядка и подразумевает использование искусственных нейронных сетей для моделирования «умного» поведения робота. Задача сенсорного восприятия подразумевает использование ИНС для интеллектуального анализа информации поступающей с различных сенсоров робота. Автономные роботы часто рассматриваются как реактивные системы, чьи действия полностью определяются текущими входными значениями сенсоров. Эта точка зрения является основой для архитектуры Брукса, где конечные автоматы используются для реализации поведения роботов[1]. Прочие системы используют контроллеры на нечеткой логике[2]. Контроллеры на нейронных сетях обладают следующими преимуществами: нейронные сети устойчивы к шумам и обладают способностью к обобщению, в ходе своего цикла существования они могут использовать несколько способов обучения[3].

> X := |x - x1|; Y := |y - y1|; X := 0.114013303 Y := 0.054138107
```

Олай болса, системаның жуық шешімі: $x \approx x^{(13)} \approx 3,4859$, $y \approx y^{(13)} \approx 2,2609$.

Әдебиет:

1. Сұлтанғазин Ө.М., Атанбаев С.А. Есептеу әдістерінің қысқаша теориясы. Алматы, 1995 (1-кітап), 2001 (2-кітап).
2. Шакенов Қ.Қ. Есептеу математикасы әдістері. Алматы, 2009.
3. Ділман Т.Б., Ділманова А.Т. Сандық әдістер. Алматы, 2016.

ӘОЖ 950(574.54)

Араб тілін меңгертуде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық моделі

Г.А.Камишева, Ш.Ү.Баймаханова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.
e-mail: kamisheva_gulnur@mail.ru

Кілт сөздер: технология, модельдеу, жобалау, таным.

Ключевые слова: технология, моделирование, проектирование, познание.

Keywords: technology, modeling, designing, cognition.

Аннотация. « Араб тілін меңгертуде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық моделі» тақырыбындағы мақалада араб тілінің мамандарын даярлауда педагогикалық модельдеудің өзектілігі туралы сөз болады.

Аннотация. В статье «Педагогическая модель использования проблемной технологии обучения в преподавании арабского языка» рассматривается вопрос об актуальности педагогического моделирования в подготовке конкурентоспособных специалистов.

Abstract. In clause " the Pedagogical model of use of problem technology of training in teaching the Arabian language " is considered(examined) a question on a urgency of pedagogical modeling in preparation of the competitive experts.

Білім беру саласындағы инновациялық процестердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және жалпы орта білімді

ізгілендірудің сапалы кезеңінде оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың мәселесін өзекті етуде. Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесіндегі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді. Көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан - 2030» бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда педагогтың шеберлігін шыңдау, дамыту тұжырымдамасы В. Я. Лившиц пен Н. Н. Нечаевтың еңбектерінде айтылады. Олар өз тұжырымдамасы негізінде «педагогикалық дамытушылық қызмет» деген түсінік енгізген. Бұл дегеніміз «келешек маманды даярлауға қойылатын әлеуметтік талаптарды ескере отырып студенттің жан-жақты даму шартын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар педагогтың да дамуын арттыратын педагогикалық қызметтің түрі». Бұл тұжырымдаманың негізгі идеялары мынадай:

а) болашақ маманды даярлауда оқытушы өз қызметінде білім алушылардың үлгерім нәтижелеріне ғана емес, сонымен бірге, сол нәтижеге қол жеткізудің жолдарына, амал-тәсілдеріне не назар аудару;

ә) оқытушы мен студенттің бірлесе әрекет етуі білімді тұтас дүние ретінде қабылдаудың педагогикалық қызметін құрайды;

б) оқытушы нақты, потенциалды дамуының көрсеткіші ретіндегі моделі оның оқытудың әртүрлі формаларын тәжірибеде қолдануға, түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді жан-жақты пайдалануға, өз тәжірибесіне сүйеніп, өзіндік технологиялар ойлап табуға, студенттермен қарым-қатынаста түрлі педагогикалық шарттар құрастыруға дайындығын көрсетеді.

Осылайша педагогикалық дамытушылық қызмет келешек мамандарды даярлауда оқытушының кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейде болуын талап етеді. Бұл тұрғыда білім беруге жүйелі түрде қараудың негізгі әдісі ретіндегі үлгілеуге (модельдеу), яғни бізді қызықтыратын нысанға таным тәсілі арқылы қол жеткізуге басты назар аударылады.

Үлгілеу (модельдеу) – танымның жалпы ғылыми әдісі. Педагогика ғылымында үлгілеу танымның бақылау, тәжірибе жасау (эксперимент) сияқты әдістерімен қатар қолданылады. Бірақ педагогикалық зерттеулер жалпы әдіснамалық деңгейге үлгілеуді тәжірибеге енгізу арқылы көтерілді. Соңғы кездері экономика, саясат, әлеуметтану салаларында когнитивтік (танымдық) технология кеңінен қолданылып жүр. Когнитивтілік дегенде біз зерттеліп отырған ғылым саласындағы мәселелерді танымдық аспектілерін ескере отырып шешудің ойлау, тану, түсіндіру, түсіну сияқты дәстүрлі әдістерін айтамыз [1,125]. Біздің ойымызша, когнитология жетістіктерін педагогикалық зерттеулерде пайдалану тиімді болады. Когнитивтік технология жүйелік талдауды, синтездеуді, педагогикалық жүйелерді үлгілеуді жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді, - дейді М.С.Можаров [2,150]. Педагогикалық жүйе білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін кәсіби тұрғыдан шешуді талап ететін, үнемі өзгерісте болатын әлеуметтік жүйе болып табылады. Сол педагогикалық үрдістерді когнитивтілік тұрғысынан үлгілеу төмендегідей зерттеулердің тиімділігін арттырады:

- сапалылық белгілері бар күрделі педагогикалық үрдістер, құбылыстар мен ситуацияларға талдау жасау;

- білім беру саласының, оқыту мен тәрбиелеу үрдістерін қорғашан ортамен байланыста дамуын болжау;

- педагогикалық жүйенің қызмет етуі мен дамуына әсер ететін маңызды факторлар мен критерийлерді анықтау;

- баламалы шешімдерді бағалау және тиімді тәсілдері таңдау.

Үлгі- зерттеу нысанын зерделеу барысында оны алмастыра алатын және оның зерттеу үшін маңызды жақтарын сақтайтын материалды немесе ойша елестетуге болатын объект. Үлгіні құру үрдісі- үлгілеу деп аталады. Демек, үлгілеу- түпнұсқаның құрылымы мен қасиеттерін үлгі арқылы зерттеу деген сөз. Үлгілеу-ғылыми зерттеулерде көп таралған әдістердің бірі. В.А.Штоффтың пікірінше, педагогикада үлгіні танымдық мақсатта зерттелетін объектінің сипаттамаларын қайта жаңғыртатын, эксперименттік түрде тексеруге болатын ақпарат беретін зерттеушінің құрған немесе таңдаған жүйесі ретінде қаралады. Яғни үлгі біріншіден, зерттеу объектісін бейнелейді, екіншіден, үлгі объектіні алмастыруға қабілетті, үшіншіден, ойша елестетуге болатын немесе материалды түрде жүзеге асатын жүйе, төртіншіден, оны зерттеу объект туралы жаңа ақпарат береді.[3,57]. Педагогика ғылымында белгілі бір жүйенің үлгісін жасау В.Г. Афанасьевтің, В. А. Вениковтың, Б. А. Глинскийдің, И. Б. Новиктің, В.А.Штоффтың еңбектерінде ғылыми тұрғыдан негізделген Г.В.Суходольский үлгілеуге мынадай анықтама береді: « Нақтылы педагогикалық жүйенің түрлі аспектілер мен әдіс-тәсілдері арқылы үлгісі жасалады» [4,120]. Ғылыми танымның категориясы ретіндегі үлгі Л.А.Шкутинаның пікірінше «зерттеу объектісін саналы түрде бейнелейтін, белгілі бір дәрежеде оның орнын ауыстыра алатын ойша елестетуге болатын немесе материалды түрде жүзеге асатын жүйе. Өйткені үлгі зерттеу объектісі туралы толық әрі жан-жақты ақпарат береді» [5, 48].

Педагогикалық үлгілеудің серіктес термині ретінде көптеген ғылыми еңбектерді «жобалау» сөзі қолданылады. Кейбір басылымдарла үлгілеу-жобалау синоним сөздер ретінде де қолданылып жүр. «Жоба» сөзі бірнеше мағынаға ие. Біріншіден, жоба- кез-келген құжаттың алдын-ала жазылған мәтіні. Екіншіден, белгілі бір мақсаты қызметтің бағдарламасы мен оны ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы. Бұл мағынада білім берудегі жобалау білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысының формасы ретінде қолданылады. Жобаның үшінші мағынасы- Белгілі бір жүйе, нысан, үлгі құрудағы іс-әрекет. В. Е. Родионов жобалаудың мәнін талдауда оған интеграциялық сипат береді. Ғылыми талдау нәтижесінде ол «жобалау» мен «үлгілеу» сөздеріне түсінік беруде былай деп жазады: «Жобалау шынайы өмірде әлі жоқ нәрсені таныту тәсілі ретінде үлгі жасауды қолданады. Жобалаудағы үлгілеу теориялық үлгі жасаудан осынысымен ерекшеленеді»[6,37-38]. Осылайша жобалау болашақта болатын процестер мен құбылыстардың үлгісін бағытталады. Ал, үлгілеу бұрынғы бар тәжірибені қазіргі заманның талабына сәйкестендіріп, оған терең мән беру үшін де жасалады. Демек, педагогикалық жобалау дегеніміз- білім беру субъектілерінің педагогикалық жағдайды өзгертуге, жаналауға бағытталған мақсатты қызметі. Оның мәні педагогикалық мәселелерді тауып, оның пайда болуына, туындау себептеріне талдау жасап, сол проблемаларды шешудің тиімді жолдарын көрсетуде. Педагогикалық жобалау теориясында үлгінің бірнеше түрлері көрсетіледі. Олар:

- мақсатты нақтылау мен оны жүзеге асыратын ресурстарды оптимальды түрде бөлуде қолданылатын болжау-үлгі;

- ақпараттар базасы мен бағдарламаларға негізделген концептуальды үлгі;

- іс-әрекетті жүзеге асыруда қолданылатын құрал-үлгі;

- күтілген нәтижелер мен атқарылған іс-әрекеттердің өзара байланысу механизмдерін құруға арналған мониторинг үлгісі;

- күтпеген нәтижелер мен іс-әрекеттер болған жағдайда шешім шығаруға арналған рефлексиялық үлгі.

Оқытудағы педагогикалық үлгілеуді құрастыру процесіне талдау жасай келе оны құрудың бірнеше кезеңдерін атап көрсетуге болады:

1. Белгілі бір жүйенің үлгісін жасауда оның әдіснамалық негізін таңдау. Қазіргі кезде жоғары және орта кәсіби білім беру жағдайларында әдіснамалық негіз ретінде мына мәселелерді айтуға болады:

- білім берудің жекеге бағытталған парадигмасы,
- таным процесін қызметтік тұрғыдан ұйымдастыру,
- Креативті және сыни ойлауды дамыту.

2. Үлгі жасаудың міндеттерін анықтау, яғни үлгінің дидактикалық мақсатын тап басып тану. Оны оқытудың әр кезеңіне сай нақтылау.

3. Үлгіні құрастыру. Оның негізгі компоненттерін нақтылау, олардың бір-біріне тәуелділігін анықтау, оның даму динамикасын көрсету.

4. Құрылған педагогикалық үлгіні оқу үрдісіне әжірибе арқылы енгізу.

5. Тәжірибеден алынған нәтижелерді түсіндіру мен талдау жасау.

Педагогикалық кәсіби қызметті үлгілеу мәселелері қазақстандық ғалымдар А.К.Ахметованың, Г.К.Нұрғалиеваның, Д.М.Жүсіпәлиеваның, Б.Т.Кенжебековтың, Ж.А.Туселбаеваның, Ш.Т.Таубаеваның, Б.Я.Махамедованың зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Көптеген ғалымдар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында педагогтарды дайындаудың, кәсіби шеберлікті қалыптастыру технологиясын құрастырудың, түрлі педагогикалық жүйелердің үлгісін жасаған. Жоғарыда аталған еңбектерді талдай келе, жоғарғы оқу орындарында араб тілін меңгертуде проблемалық оқыту технологиясын қолданудың үлгісін құрастырудың негізгі талаптарын төмендегіше белгіледік:


- бүгінгі таңда білім берудің мақсатының өзгеруі, оқу пәндерінің мазмұнын жаңашылдық тұрғысынан жетілдіру оқу процесінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану қажеттігін тудырды. Біз құратын үлгі араб тілін меңгертуде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың қажеттілігін анық көрсететін болуы;

- үлгі құрастырудың бастапқы идеясы- білім алуға деген студенттің өзінің қызығушылығы мен жауапкершілігін, өз бетінше білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның дамуы жолындағы аралық жағдайын көрсетуі;

- студенттің араб тілін меңгеру деңгейін нақтылайтын, оны дамытатын нақтылы аспектілерді қамтуы;

- оқытушының практикалық қызметіне талдау жасап, оның дамуына, жетістіктерін болжауына қызмет етуі;

- араб тілін меңгертуде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың шартты бейнесін жасауы қажет.



Сурет -1 Араб тілін меңгеруде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық моделі

Араб тілін меңгеруде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық үлгісі үш компоненттен және оны айқындайтын 14 көрсеткіштен тұрады.

Мотивациялық компонент проблемалық оқыту технологиясына қызығушылықтың, дұрыс қатынастың болуымен, олардың кәсіби даярлықты жетілдірудегі қажеттілігін түсінуімен сипатталады. Оның көрсеткіштері:

- кәсіби даярлықты жетілдірудің қоғамдық мәнін саналы түрде сезіну;
- кәсіби даярлығын жетілдіруге ынтасының болуы;
- кәсіби даярлықты жетілдіруге қажетті білім, білік және дағдыларды игеруге қызығушылықтың болуы;
- проблемалық оқыту технологиясының кәсіби даярлықты жетілдірудегі маңыздылығын түсіну;
- проблемалық оқыту технологиясының тұлғалық мәнін түсіну.

Мазмұндық компонент болашақ аймақтанушы маманның араб тілін жетік меңгеруін; араб тілінің фонетика, лексика, грамматикасын және сөйлеу әрекетін толық меңгеруін; араб елдері, оның тарихы, мәдениеті, әдебиеті туралы жан-жақты білімінің болуын; шеберлікті жетілдіру жолдары туралы білімін арттыруды қамтиды. Көрсеткіштері мыналар:

- аймақтанушы іс-әрекетінің объектісі болып табылатын тұтас аймақтық мәселелер туралы білімі;
- оқылатын тіл аймағындағы проблемалар мен оларды шешу жолдары; араб тілін үйренудегі мақсат, міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру формалары туралы білімі;
- кәсіби компетенция шеңберіндегі болашақ маманның іс-әрекетін басқарудағы оқытушының білімділігі мен шеберлігі туралы білімі;
- араб тілі, оның ерекшеліктері, қолданылу аясы, оның практикалық мәні және ерекшеліктері туралы білімі;
- проблемалық оқыту технологиясы арқылы араб тілін жан-жақты, толық меңгеруге деген ұмтылысы.

Іс-әрекеттік компонентте проблемалық оқыту технологиясы негізінде кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру білігі мен дағдысын қалыптастыру жолдары сөз болады. Бұл компоненттің негізгі көрсеткіштері төмендегідей:

- проблемалық оқыту технологиясы негізінде араб тілін еркін меңгеру;
- араб тілін табиғи тілдік ортадан тыс қолдана алу;
- араб тілін табиғи тілдік ортада пайдалана білу;
- ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен шұғылдану білігі

Жоғарыда біз ұсынған үлгінің үш құрамдас бөлігі бір-біріне өзара ықпал етеді, бірін-бірі толықтырып, дамыта түседі.

Араб тілін меңгеруде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық үлгісін жасауда мынадай мәселелерді :

1. Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайында «Аймақтану» мамандығы бойынша кәсіби білікті мамандар дайындаудың мақсатын, мазмұнын және спецификалық ерекшеліктерін;

2. Жоғарғы оқу орындарында шетел тілін, оның ішінде араб тілін оқытудың және оқу үрдісіне инновациялық технологияларды қолданудың теориялық жағдайлары мен практикалық педагогикалық және психологиялық зерттеулердің нәтижелерін;

3. Педагогикалық менеджменттің жалпы принциптерін;
4. Жоғарғы оқу орындарында шетел тілін оқытудың сапалық және сандық көрсеткіштерін;
5. Зерттеу еңбектерінде педагогикалық үлгілеудің нәтижелерін көрсеткен қазақстандық жетекші ғалымдардың еңбектерін басты назарда ұстадық.

Демек, болашақ жастарымыздың кәсіби құзырлы, шығармашыл болуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңа парадигмасы оқытудың субъектін және оқушының әлеуетіне тікелей әсері мол шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық, дидактикалық тұғырларын айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Когнитивные исследования за рубежом / Под ред. В. М. Сергеева. – М.: Ин-т США и Канады АН СССР, 1990. – 150 б.
2. М. С Можаров Педагогическое моделирование в рамках когнитивного подхода как метод структурного исследования педагогической деятельности // Педагог: Наука, технология, практика. – 1999. – № 2. – С. 54 – 57
3. Штофф В.А. Проблемы методологии научного познания. М.: Высшая школа, 1978.- 57-б.
4. Суходольский Г.В., Структурно-алгоритмический анализ и синтез деятельности. - Л.: ЛГУ, 1976.- 120-б.
5. Л. А. Шкутина Модельное предприятие- современная технология профессионального обучения. Монография. А., Ғылым, 2004.-48-б.
6. Родионов В.Е., Нетрадиционное педагогическое проектирование. Учебное пособие. - СПб.: Спб. гос. техн. ун-т, 1996., 1996.- 37-38б.

ӘОЖ 81:372.881

АРАБ ТІЛІН ОҚЫТУДА СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аубакирова Қ.Қ., Баймаханова Ш.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.
e-mail: a_kunduz87k@mail.ru

Түйін. Бұл мақалада араб тілін үйретуде смарт оқыту технологияларын қолданудың басымдылықтары және смартфон бағдарламалары мен қосымшаларын сабақ кезінде пайдаланудың тиімді жақтары туралы айтылған.

Кілтті сөздер: смарт оқыту, мобильді құрылғылар, смартфон қосымшалары, шетел тілдері.

Аннотация. В данной статье рассматриваются эффективность использования технологий смарт и мобильного обучения в преподавании арабского языка и пользы использования разных приложений для смартфонов во время урока.

Ключевые слова: смарт обучение, мобильные устройства, приложения для смартфонов, иностранные языки.

Annotation. This article considers the effectiveness of the use of smart and mobile learning technologies in teaching foreign languages and especially the use of different programs and applications for smart phones during class.

Key words: smart learning, mobile devices, smartphone apps, foreign languages.

XXI ғасырда ғылым мен техниканың қарқынды дамуына, жаһандану үдерісінің кең етек алуына байланысты әлемдік білім беру саласында да ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, онлайн курстар, дыбыстық және бейне контенттер, сандық фильмдер, электрондық кітаптар мен сөздіктер, мультимедиялық оқулықтар, ақпараттық сайттар кез келген салада маман даярлауда жаңа мүмкіндіктер туғызып отыр. Соңғы кездері жоғарыда аталған электронды оқытудың түрлі әдістерімен қатар смарт оқыту білім беру саласындағы ең жаңа, ең тиімді оқыту түрі ретінде кеңінен қолданылуда. Себебі, ақпараттық технологиялар ғасырында интернет желісі мен түрлі мобильдік құрылғылар күнделікті өмірде үлкен маңыздылыққа ие. Білім беру саласында да мобильдік құрылғылар білім алушылар үшін көптеген қолайлы жағдайлар туғызады. Осыған байланысты соңғы кездері дәстүрлі және электронды оқытудың орнына смарт оқытудың тиімділігі көп айтылып жүр.

Смарт оқыту интернет және әлеуметтік желілер арқылы білім алу, алмасу, жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту қызметі, оқушыға бағытталған, бағдарланған, орталықтандырылған оқыту ортасы, ең соңында Smart құрылғыларды пайдалана отырып оқыту деген тұжырымдарды қамтиды. Оқытудың бұл түрі арқылы білім алу кез-келген жерде, кез-келген уақытта қол жетімді болып табылады. *Smart* сөзі «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атаймыз. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

SMART оқытудың негізгі идеясы техникалық құралдарды, қызметтер мен интернетті қолдану арқылы адам өмірінің барлық аспектісін жетілдіру болып табылады. Мұндай стратегия АҚШ, Корея, Жапония және Еуропа елдерінде кеңінен қолданылады [1].

Смарт оқытудың ажырамас бөлігі ретінде қазіргі таңда m-Learning немесе mobile learning деп аталып жүрген мобильді оқытуды ерекше атап өтсек болады. Mobile – ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынаны білдіреді. Мобиль – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы. «Мобильді оқыту» термині «қашықтықтан білім беру» ұғымымен тығыз байланысты. Мұнда оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасы қашықтықтан жүзеге асырылып, оқу үдерісіне тән компоненттер (мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдары) түгел қамтылады [2].

Мобильді оқыту нетбук, смартфон, сенсорлық дисплейі бар планшетті компьютер және т.б байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Осындай ақпараттық технология құралдарының жаңа заман талабына сай байланыс құралдардың көмегімен өз кезегінде фотоаппарат, видеокамера, аудио және видео ойнатқыштар, диктафон, суреттер мен иллюстрациялық материалдар, электрондық оқулықтар мен оқу-құралдары, мультимедиялық оқулықтар, электрондық кітапхана, электрондық энциклопедиялар мен сөздіктер, анықтамалар, тестік бағдарламалар мен ақпараттық сайттар, электронды пошта, әлеуметтік желілер, офис пакеті және т.б. мультимедиялық қосымшалар арқылы шетел тілдерін жылдам әрі қызықты етіп үйретуге болады [3].

Мобильді оқыту білім беруді негіздемейді, керісінше өздігінен білім алу қабілеттілігін арттыруды көздейді. Осы мақсатта интерактивті смартфондық бағдарламалар, аудиовизуалды материалдар мен интернет желісіндегі түрлі ақпараттық контенттер арқылы білім алушының шетел тілін кез-келген ортада, кез-келген уақытта үйренуіне мүмкіндік туады.

Біз өз тәжірибемізде шетел тілін үйрету барысында мобильді құрылғыларды, оның ішінде смартфон бағдарламаларын қолдану арқылы көптеген жетістікке жетуге болатынына көз жеткіздік. Шетел тілін халықаралық тіл, мәдениет пен әдебиет тілі, шетел азаматтарымен қарым-қатынас тілі ретінде үйренушінің қызығушылығын арттырады.

Мобильді құрылғылардың ішінде ұялы телефон, яғни смартфондарды сабақ барысында, әсіресе шетел тілдерін үйретуде өте тиімді пайдалануға болады. Смартфонның басқа құрылғылардан артықшылығы ең алдымен, оның қолжетімділігі. Қазіргі кезде білім алушының барлығы да күнделікті өмірде соңғы үлгіде жасалған, интернет желісімен қамтылған смартфондарды пайдаланады. Екіншіден, смартфондар көптеген техникалық мүмкіндіктерге ие. Атап айтсақ, байланыс құралы, Wi-Fi, мәліметтерді мобильді тасымалдау (GPRS, 3G, 4G) фото/видео камера, диктафон, офис пакеті, әлеуметтік желілер, ақпаратты енгізу функциялары және т.б. Мұндай мүмкіндіктер бағдарламалық қамтамасыз ету ортасы арқылы жүзеге асырылады. Білім беру саласында YouTube, Hangouts және Google Docs сияқты Google сервистерін тиімді қолдануға болады. Шетел тілін үйретуде смартфон бағдарламаларын күнделікті сабақ барасында тиімді әрі нәтижелі пайдалануға болады. Ол үшін телефондағы дайын гаджеттер мен Google және Apple сервистері ұсынған мультимедиялық қосымшаларды жүктеп алу қажет [4].

Оқытушы мен білім алушылар жиі қолданылатын *әлеуметтік желілер*, көбіне қарапайым *WhatsApp Messenger* қосымшасында оқу тобының барлық білім алушылары мүше бола алатындай конференция құру арқылы үнемі байланыста болады. **WhatsApp Messenger** конференциясы жылдам ақпарат алмасуға өте қолайлы. Осы конференция арқылы оқытушы қажетті оқу материалдарын, электрондық оқулықтарды, аудио және видео контенттерді, ақпараттық сайттар мен қажетті қосымшалардың сілтемелерін білім алушыларға жылдам және барлығына бір мезгілде жібере алады. Осы конференцияда үй тапсырмасын беру және оны тексеру арқылы да дәріске берілген уақытты тиімді әрі жемісті пайдалануға мүмкіндік туады. Бұл – білім алушыға да, оқытушыға да өте тиімді әрі қолайлы. Себебі, білім алушылар кез келген уақытта, кез келген ортада үй тапсырмасын орындап, жіберу мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар, сабақ барысында *Skype, ICO, Yahoo messenger, Google Talk* және т.б. ақпараттық технологиялардың көмегімен қарым-қатынас жасай отырып, араб тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, білім деңгейін жоғарылатуға болады. Бұл құралдар арқылы ара қашықтықтың алыстығын жақындатып, шетелдіктермен тілдік, әдістемелік тәжірибе алмасуға болады.

Білім алушыларға дәріс барысында оқылатын оқулықтардың электрондық нұсқасы, аударма жұмыстары барысында қажет болатын электрондық сөздіктер де алдын ала беріледі. Олар берілген оқулықтар, сөздіктермен қатар өздеріне ыңғайлы онлайн немесе офлайн қосымшаларды өздерінің смартфондарына жүктеп алады.

Оқу үдерісінде қолданылатын маңызды құралдардың бірі – *электрондық оқулықтар мен сөздіктер*. Электронды оқытудан мобильді оқытудың басты ерекшелігі, соңғы оқу түрінде көлемді компьютерлердің орнына кез келген ортада, кез келген уақытта қолжетімді болатын ықшам әрі ыңғайлы мобильді құрылғыларды пайдалану болып табылады.

Араб тілін оқытуда электрондық оқулықтар мен сөздіктер білім алушылардың өз бетінше білім алу жұмыстарын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы кезеңінде жасалған электрондық оқулықтардың тиімділігі, оның соңғы үлгіге сәйкестілігі мен жоғары мобильділігі, оқуға, үйренуге бейімділігінде болып табылады.

Қазіргі кезде шетелдік жоғары оқу орындарында мобильді білім алудың негізгі ақпарат көзі болып табылатын *электрондық білім порталдары* мен онлайн режиміндегі *электрондық кітапханалар* кеңінен қолданылады. Бұл заманауи ақпараттармен қамтамасыз ететіп қана қоймай, сонымен қатар өзіндік білім деңгейін кеңейтуге, біліктілікті көтеруге көмектеседі

Шетел тілдерін, әсіресе араб тілін үйрету барысында *электрондық сөздікті* қолдану өте маңызды. Себебі, араб тілінің сөздікпен жұмыс істеу тәртібі арнайы қағидаларды білуді талап етеді. Берілген сөзді табу үшін ең алдымен осы сөздің түбірін тауып алу керек. Ал электрондық сөздіктерде сөздерді сол қалпында оңай тауып алуға болады. Бұл білім алушылардың тез әрі оңай сөздікпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтар мен сөздіктер білім беру саласында оқулықтың жетіспеушілік мәселесін, сонымен қатар білім алушылардың ауыр, көлемді кітаптарды тасып жүрмей, ықшам мобильді құрылғыларды пайдалануы, шетел тілдерін үйренуде қолайлы жағдай туғызады.

Шетел тілдерін үйретуде нәтижелі әрі тиімді пайдалануға болатын қосымшаның бірі – *диктафон*. Аталған қосымша арқылы білім алушының шетел тілінде оқу, сөйлеу, тыңдау, өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамытуға болады. Білім алушы сабақ барысында алынған мәтінді үйде қатесіз оқып, диктафонға жазып, белгіленген уақытқа дейін оқытушыға әлеуметтік желі немесе пошта арқылы жіберіп отырады. Оқытушы жіберілген аудармаларды тыңдап, қателіктері мен кемшіліктерін, ұсыныстарын айтып, бағалайды. Мәтін қатесіз айтылғанша диктафонға қайта-қайта жазылады. Бұл оқытылатын шетел тіліне тән ерекше дыбыстардың дұрыс айтылуына, дауыс ырғағы мен екпіндердің дұрыс қойылуына, мәтіннің мәнерлеп қатесіз, дұрыс оқылуына көмектеседі.

Шетел тілін үйретуде қолданылатын мобильді оқытудың аса маңызды түрі – *Интернет желісі*. Мобильді оқытуда қолданылатын қосымшалар мен бағдарламалардың барлығы интернет арқылы жүктеледі, тіпті кейбіреулері онлайн режимде ғана жұмыс істейді. Шетел тілін үйретуде интернет, яғни ақпараттық порталдар, танымдық және білім беру саласындағы түрлі мультимедиялық контенттерді пайдалана отырып, білім алушылардың қызығушылығын оятуға болады. Интернет жүйесінде білім алушы оқу, жазу, сөйлеу, іздеу, ақпаратты сұрыптау, талдау жасау қабілеттерін, лексикалық қорын дамыту, шетелдіктермен байланыс жасау арқылы тіл аралық кедергілерді жою, коммуникативті іскерліктерді қалыптастыру т.б. мүмкіндіктерге ие болады. Бірақ оқытушы білім алушының артық, қажетсіз немесе жеткіліксіз ақпаратпен жұмыс жасап, уақыттарын сарп етпеу және басқа да олқылықтарды болдырмау үшін нақты, объективті, тексерілген сайттарға сілтеме жасап, бағыт-бағдар беріп отыруы қажет. Сонда ғана білім алушы өз бетімен бағытталған мәліметті табуға тез үйренеді. Интернет тілді дамытатын материалдардың (шетел тіліндегі кітаптар, ақпараттар, аудио, видео, мультимедиялық контенттер және т.б.) негізі болап табылады. Сонымен қатар, білім алушылар оқытылатын тіл еліне виртуалды саяхат жасау мүмкіндігіне де ие болады. Сабақ барысында білім алушыларға шетел тілін үйретумен қатар, мәдени-елтанымдық ақпарат беру, оқытылатын тіл елінің мәдениеті, халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, діні, ділі туралы мәлімет беру мақсатында аудио, видео контенттерді өте тиімді пайдалануға

болады. Қазіргі кездегі ең танымал видео сервирдің бірі – *YouTube*. Ондағы миллиардтаған видео жазбалардың ішінен шетел тілдерін үйретуге арналған түрлі видео сабақтарды, жеңіл әрі қызықты фильмдер мен мультфильмдерді тиімді пайдалануға болады.

Білім беру үдерісіне смарт оқыту технологияларын енгізу және қолдану білім сапасын кеңейтіп, мазмұнын құнарландырып, білім алушылардың тілге деген қызығушылығын артып, оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасын нығайтады. Шетел тілдерін оқыту барысында смарт технологияларды меңгеру және оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану арқылы ғана жаңа заман талабына сай мамандар даярлап шығаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.zkoipk.kz/kz/2015smart3/1553-conf.html>
2. <http://group-global.org/ru/publication/24142-mobildi-tehnologiyalar-arkyly-soyleu-reketin-zhetildiru>
3. <http://orleupvl.kz/ru/mediateka/videogalereya/top-video-lekcziy-pps/553-smart-oytu-negznde-malmn-ksbi-damuy>
4. Киселёва Н.Е. Использование мультимедиа-технологий на уроках английского языка // Вестник КАСУ. – 2009 г.

ӘОЖ 54.084.621.646.2

Мұнайды құю және төгу терминалының жұмысын автоматтандыру арқылы жетілдіру

Абдраимова Н.О.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Қызылорда қ.*

Мұнайды құю және төгу терминалы, автоматты басқару жүйесі, бағдарламалық қамтамасыз ету

Мұнайды сақтау және тасымалдау процесінде деңгейді дәлдік өлшеу өндірісті қауіпсіз және тиімді жүргізу үшін өте маңызды болады. Маңызды қолданулардағы сұйықтың толып төгілуінен қорғауды реттейтін заңнамалар қатандығын күшейтуі технологиялық процестерді жүргізу кезінде бақылау әрекетінің тиімділігі мен дәлдігін талап етеді. Автоматтандырылған басқару жүйесін құру мақсаты процесті бақылау мен басқаруды басқару функцияларын кеңейтумен компьютерлік басқару жүйесіне аудару, технологиялық нысанның сенімді және тиімді жұмысын технологиялық регламент талаптарына сай қамтамасыз ету, өндірістік процестің қауіпсіздік деңгейін арттыру және апаттық жағдайлардың пайда болу ықтималдығын технологиялық операцияларды толық оперативтік бақылау арқылы азайту.

Точное измерение уровня в процессе хранения и транспортировки нефти жизненно важно для безопасного и эффективного оперирования производством. Ужесточение законодательства, регулирующего защиту от переливов в критически важных применениях, требует обеспечения контроля уровня при проведении технологических процессов. Целью создания системы автоматизированного

управления является перевод контроля и управления процессом на компьютерную систему управления с расширением существующих функций управления, обеспечение надежной и эффективной работы технологического объекта в соответствии с требованием технологического регламента, повышение уровня безопасности производственного процесса и уменьшение вероятности возникновения аварийных ситуаций за счет более полного оперативного контроля технологических операций.

Accurate level measurement during the storage and transportation of oil is vital for the safe and efficient operation of production. Tougher legislation that protects against overflow in critical applications requires the provision of level control in the conduct of technological processes. The purpose of creating an automated control system is the transfer of control and process control to a computer control system with the expansion of existing control functions, ensuring reliable and efficient operation of the technological facility in accordance with the requirements of technological regulations, increasing the level of safety of the production process and reducing the probability of emergencies due to a more complete Operational control of technological operations.

Резервуарлардағы сұйық деңгейін өлшеу қорларды басқаруда өте зор рөл атқарады. Бірақ, қоршаған орта үшін қауіпті немесе потенциалды зиянды сұйықтармен жұмыс жасаған кезде маңызды тек олардың деңгейін өлшеу ғана емес толып төгілеуден қорғау жүйесін қамтамасыз ету болып табылады. Байсалды апаттық жағдайларды алдын алуға деңгейді бақылау технологиялары көмектеседі.

Өнеркәсіпшіліктің мұнайгаз, химиялық, мұнайхимиялық салалары кәсіпорындарына тәң резервуарларда сұйықты сақтау шарттарында толып төгілу – бұл ең алдымен қоршаған ортаға және адамдарға қатерлі, сонымен қатар кәсіпорын үшін үлкен шығын. Резервуар-қоймаларды пайдалануымен байланысты олардың бастапқы қорғаныс жүйесінің қауіпсіздік дәрежесін жоғарлату мәселесіне назар аударуға келтірді.

Автоматтандырудың қазіргі уақытқа сай жүйелері өлшеу принциптерін түгелімен өзгертуге мүмкіндік береді, құрамында резервуарлы парксі бар, теміржолдық цистерналарға мұнай өнімдерін құю, төгу жүйелері бар әр түрлі мекемелердегі мұнай өнімдерімен сұйық заттарды басқару мен есептеу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге болады. Қазақстан Республикасында жұмыс жасайтын мұнайгаз компаниялар топтары кәсіпорындарды толығымен автоматтандыруын қамтамасыз ететін сенімді және сапалы қондырғылармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді, аумақтағы аспаптардан бастап (қысым датчиктері, температура, массалық және көлемдік шығын өлшеуіштер, бақылау клапаны) Plant Web концепциясының орындалуын қамтамасыз ететін Delta V басқару жүйесін орналастырылуын масштабтауымен аяқталады[1,2].

Кәсіпорынның автоматтандырылуының кешенді шешімін төрт участогына бөлуге болады.

1. Автодан және теміржол цистернадан мұнай өнімдерін төгілуін автоматтандыру жүйесі.
2. Резервуарлық паркті автоматтандыру.
3. Мұнай өнімдерін құю жүйесін автоматтандыру.
4. Алдыңғы жүйелерді бір мәліметтер басқарма жүйесін біріктіру.

Резервуардарғы сұйық өлшемін гидростатикалық өлшеу жүйесі басқа да гидрометрленген резервуарлар әдісімен ерекшеленеді. Fisher–Rosemount компаниясының резервуарлы парктағы өнім массасын есептеу жүйесі дәл есептеуді

камтамассыз етеді (толық ауытқуы $\pm 0,05\%$ резервуардағы барлық өнім массасынан), әр-бір резервуар үшін мәліметтер берілген.

- өнім массасы дәл өлшенеді (толық ауытқуы $\pm 0,05\%$)
- өнім тығыздығы толық ауытқуы $\pm 0,11\%$)
- өнім температурасы дәл өлшенеді (толық ауытқуы $\pm 0,11\%$)
- өнім деңгейі есептелінеді (толық ауытқуы $\pm 0,11\%$)
- өнім көлемі есептелінеді (толық ауытқуы $\pm 0,11\%$)
- өнімнің стандарттары көлемі (нормалды талаптарға келтірілген) $\pm 0,11\%$

Бұдан басқа, бұл жүйе барлық қажет етілетін диагностикалық мәліметтерді және толық сигнализацияны (локальды сияқты, және де әр бір резервуар үшін алынып тасталған), резервуарлардың толып кетуін, сапаны үздіксіз бақылау және өнімнің біркелкілігі, түсіру көтеруге арналған рұқсат берілетін өнім саны және де «орын бойынша» барлық параметрлерді есептеуге мүмкіндік береді. Жүйе:

- толықтай автоматтандырылған;
- иілгіштігі (моделдік интеллектуалды аспаптарды коммуникациялау үшін HART протокол қолданылады);
- оперативті (мәліметтер әр бір секунд сайын жаңартылып отырады);
- қызмет көрсетудегі жеңілділігі (резервуар төбесіне шығуды қажет етпейді, кілеуінен машақаттар жоқ);
- сенімді (қозғалыс элементтері жоқ, Rosemount датчиктер технологиясы тексерілген, жүйенің барлық компоненттерінің жұмыс жасауы >50 жыл);
- монтажда жеңіл және қолайлы (резервуарды пайдаланудың тоқтатылуын қажет етпейді);
- масштабталады (резервуардың санын үлкейтуде барлық жүйесі толығымен өзгертудің қажеті жоқ, тек қана бірнеше компоненттерді қосу керек).

Төгу терминалының автокөліктік немесе теміржолдық цистернаға құю автоматтандырылған базалық жүйесі келесілерден тұрады:


1. Micro Motion шығын өлшеуіші – CMF типтес массалық шығын сенсоры құрамында бар және жарылғыштан қорғалған корпуста орналасқан RFT 9739 транзиттері бар. Айдалатын өнімнің массасы бойынша ауытқуы $0,1\%$. Массалық шығын өлшегіш коммерциялық енгізу жүйесі бойынша көлемдік есептеуіштерден бірнеше артықшылықтары бар. Олардың маңыздылары: массалық шығынды тікелей өлшеу, дәлдік, сенімділік, техникалық қызмет көрсету құнының минималдылығы, параметрлерінің көптігі.

2. 788 DVC Broots есептегіш жөндегіш арнайы арналған клапан екі дәрежелі режимдегі жұмыс атқаратын, құйю функциясына арналған. Құйю терминалының басқару жүйесі автоцистернаның жерге қонуын бақылауын, цистернадағы соңғы дәрежесін бақылауын қадағалауға мүмкіндік береді. Қосымша функциясы ретінде терминал территориясынан кіру мен шығу Mercury 2 контроллер базасын бақылауға арналғандар және де резервуардағы, танкідағы өнім артықшылығын басқарулары жатады.

3. Масштабталатын Delta V басқару жүйесі.

- кез келген уақыттағы мұнай базасының толық материалды балансы бар, инвентаризация процесі резервуардың қазіргі жағдайын шығарылуына негізделеді;
- типі және саны бойынша барлық кіріп, шығатын мұнай өнімдерін тіркеу, құю мен төгу автоматтандырылған, барлық өзгерістерді автоматты түрде архивтеу, смена және тәуліктік тазу;
- мұнай базасы шегінде мұнай өнімдерінің орнын ауыстырылуының оперативті басқарылуы;

- шығынды бақылау, оларды анализдеу және азайту.



1 – сурет. Басқару объектісінің жалпы құрылымы

Технологиялық үрдісті автоматтандырылған жүйеде басқару үш деңгейлі құрылым болып келеді.

- төменгі деңгей - датчиктер мен орынлдаушы механизмдер деңгейі;
- ортаңғы деңгей - бағдарламаланатын логикалық контроллерлер деңгейі;
- жоғарғы деңгей - жергілікті диспетчерлік пункт деңгейі.

Мұнай кәсіпорындар, сонымен қатар мұнай тасымалдау объектілері үшін SCADA-жүйесі қолданылады. Мұндай жүйенің міндеті автоматты дистанциялық бақылау және көп мөлшердегі реттелген құрылысты басқару функциясымен жабдықтау болып табылады (диспетчерлік пункттен және бір-бірінен өте алыс қашықтықта орналасқан). Диспетчерлік бақылау және басқару жүйесімен жұмыс жасайтын мүмкін болатын құрылыс мөлшері өте үлкен және бірнеше жүзге жетеді. Бұл жүйелер үшін ерекше міндет – дистанциялы орналасқан терминалды құрылысты (RTU) жүзеге асыратын деректерді жинау және беру болып табылады. 1-суретте көпсанды қолданыс мұнай технологиялық процестер үшін талданып қорытылған көпдеңгейлі басқару жүйесіндегі тұтас техникалық құралдардың осындай жүйе сұлбасы көрсетілген. Басқару бекеті технологиялық процестің және оперативті басқару жүрісінің бейнеленуі үшін арналған. Бұл есептерді диспетчер/оператор және басқару жүйесі арасындағы жұмысқа бағытталған және сырт бейнені сүйемелдейтін, сонымен қатар сыртқы әлеммен өзара әрекетпен қамтамасыздандыратын қолданбалы бағдарламалық қамту SCADA-мен шешіледі[4].

Басқару жүйесіндегі барлық аппараттық амалдар өзара байланыс арналарымен байланысқан. Төменгі деңгейде бақылаушы көсеткіштерімен және атқарғыш құралдармен сонымен қатар арнайы енгізу/қорытынды желілер және өрісті шиналар көмегімен қашықтатылған және реттелген енгізу/қорытындымен өзара әрекеттеседі. Жүйенің алгоритмдік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді құрудың базалық принциптері резервуарды басқару сапасын едәуір жақсартуды қамтамасыз етті және оперативті басқарушылық шешімдерді қабылдау уақытын қысқартты.

Қорыта айтқанда, Резервуарлардағы деңгейді реттеп ұстап тұруды автоматты бақылау және басқару жүйенің функционалдау тиімділігін жоғарлату технологиялық процесті жетілдіру жолы. Сұйықтық деңгейін өлшеу мен бақылау технологиясын пайдалану – апаттық жағдайлардан сенімді қорғаныс.

Әдебиеттер:

1. Карелин и др. Приборы для измерения количества, расхода, уровня и приборы контроля добычи, хранения и транспортировки нефти и газа // КИП и А. - №7. 2007
2. Зайцев С.А. Прибанов Д.Д. Контрольно-измерительные приборы и инструменты. 2-е издание. – М.: Академия, 2006. – 430 с
3. Веревкин А.П., Денисов С.В. Современные технологии управления процессами. Учебное пособие.-Уфа: Изд-во УГНТУ, 2001.- 86 с
4. Григорьян С.Г. Конструирование электронных устройств систем автоматизации и вычислительной техники.- М.: изд-во «Феникс», 2007 – 299 с

УДК 371.39

ТРАДИЦИИ И ИНОВАЦИИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

**Өтеген Гулзат Жаңабайқызы
Балмаханова Айнур Ергалиевна**

*Кызылординский Государственный Университет имени Коркыт Ата,
г.Кызылорда
№264 школа –лицей города Кызылорда, г.Кызылорда
e-mail: otegen.gulzat@bk.ru*

Ключевые слова: Современные образовательные технологии, креативность, инновации, традиции, отечественное образование.

Аннотация: Мақалада мынадай тұжырымдамалар қарастырылады: дәстүр және инновация және олардың білім беру саласындағы өзара іс-қимылына тарихи талдау жүргізілді. Кез келген дәуірде дәстүр өзгертіліп, қайта қарастырылып, жаңғыртылып және олар мақсаттарына қарай қолданылды, тек осы заманға сай, осы дәуірдің мәдениетіне сай тұсы ғана сақталынды. Яғни, ескі дәстүрлі жүйенің кейбір элементтері өзінің қызметтерін өзгерте немесе жаңа жүйеге элемент ретінде кірістіліп және жаңа жағдайларға бейімделді.

Аннотация: В статье рассматриваются понятия: традиция и инновация; проводится исторический анализ их взаимодействия в области образования. В любую эпоху традиции переделывали, переосмысливали и применяли к своим целям, сохранялось лишь то, что соответствовало укладу и культуре общества в данный период, т. е. некоторые элементы старой традиционной системы выживали, приспособляясь к новым обстоятельствам, изменяя свои функции или входя в новую систему в качестве элементов.

Annotation: The article deals with concepts: tradition and innovation; A historical analysis of their interaction in the field of education is conducted. In any epoch, traditions

were reworked, reinterpreted and applied to their goals, only what was in keeping with the way of life and culture of society in the given period was preserved, that is, some elements of the old traditional system survived, adapting to new circumstances, changing their functions or entering a new System as elements.

В настоящее время в мировом сообществе обозначилась тенденция, связанная с переходом на иной тип образования – инновационный, а для его эффективной реализации требуются иные образовательные технологии – инновационные. Инновации – это движение вперед, это мощнейший инструмент развития всех сторон жизни общества. К сожалению, многие не хотят этого признавать, ссылаясь на установившиеся правила. Но правил на все времена не бывает и старые правила надо менять, потому что инновации не могут ждать.

Проблема современных образовательных технологий — это поиск тех оснований, которые позволяли бы отличать стандартные технологии от технологий инновационных, развивающих самостоятельность мышления субъекта учения, формирующих инновационное поведение, т.е. отвечающих целям и задачам современного образования.

Понятие «инновация» появилось сравнительно недавно и теперь уже прочно вошло в педагогический обиход. Инновация (от лат. in – в, novus - новый) означает нововведение, новшество. Только в последнее время появилось несколько определений, близких по смыслу, но отличающихся своими «оттенками»:

- процесс улучшения путем внесения каких-либо новшеств;
- акт введения чего-либо нового: что-то вновь введенное;
- новая идея, метод или устройство;
- успешное использование новых идей;
- изменение, которое создает новые аспекты в деятельности;
- творческая идея, которая была осуществлена;
- нововведение, преобразование в экономической, технической, социальной, педагогической и других областях, связанное с новыми идеями, изобретениями, открытиями.

Синонимами понятия «инновация» являются слова «новшество», «открытие», «изобретение». И хотя они отличаются по смыслу, в любом случае, все эти понятия связаны с результатом – творческой деятельности, креативностью, но если креативность подразумевает выдвижение новых идей, то отличительным признаком инновации является воплощение её на практике. В рамках этого подхода инновация не является инновацией до того момента, пока она успешно не внедрена и не дала результат.

Инновация может относиться как к радикальным, так и постепенным изменениям в процессах, «продуктах» труда, стратегии организации деятельности (инновационная деятельность). Таким образом, инновации рассматриваются с различных точек зрения - в «связке» с технологиями, экономическим развитием, политическими вопросами, изменениями в педагогическом процессе и др. Тем не менее, можно выделить и нечто общее: инновация обычно понимается как внедрение чего-либо нового и однозначно полезного, результативного (например, введение новых механизмов, методик, техник, продуктов, услуг). Главным показателем инновации является прогрессивное начало в развитии того или иного образовательного феномена по сравнению со сложившимися традициями и массовой практикой. Инновация, как и само понятие новизны, имеет конкретно исторический характер: некоторые инновации возникают раньше «своего времени», т.е. «опережают время», некоторые со

временем могут стать нормой и устареть. Освоение инновационных процессов в образовании связано с анализом их сущности, структуры, классификации и особенностей, изучением инновационного потенциала среды и творческого потенциала участников нововведений. Педагогическая инноватика – наука, изучающая природу, закономерности возникновения и развития педагогических инноваций в отношении субъектов образования, а также обеспечивающая связь педагогических традиций с проектированием будущего образования.

Инновационные технологии в образовании позволяют регулировать обучение, направлять его в нужное русло. Людей всегда пугало все неизведанное и новое, они негативно относились к любым изменениям. Стереотипы, существующие в массовом сознании, затрагивающие привычный образ жизни, приводят к болезненным явлениям, мешают обновлению всех видов обучения. Причина нежелания людей принимать инновации в современном образовании кроется в блокировке жизненных потребностей в комфорте, безопасности, самоутверждении. Не все готовы к тому, что придется заново изучать теорию, сдавать экзамены, менять свое сознание, тратить на это личное время и средства. После того как запускается процесс обновлений, остановить его можно только с помощью специальных методик.

Самыми распространенными способами проверки эффективности запущенных в образовании преобразований считают:

- Метод конкретизирующих документов. Чтобы оценить инновации в системе образования, пресекается возможность объемного внедрения новшеств в образовательный процесс. Выбирается отдельная школа, вуз, на их базе проводится эксперимент.
- Метод кусочного внедрения. Он подразумевает ввод отдельного нового инновационного элемента.
- «Вечный эксперимент» подразумевает оценку получаемых результатов на протяжении длительного временного промежутка.

Параллельное внедрение предполагает сосуществование старого и нового образовательного процесса, анализ эффективности подобного синтеза.

Образование, представляя собой одно из основных средств развития личности человека в социальном плане, должно шагать в ногу со временем, т.е. подвергаться изменениям и инновациям, которые соответствуют запросам общества в данную эпоху. Но учитывая ту нестабильность, которой отличается современная педагогическая наука вообще, для понимания эффективности тех или иных инноваций необходимо время. Однако и придерживаться в образовании устаревших схем сегодня уже нельзя. Учитывая всё это, говорить об инновациях в сфере образования мы можем только в комплексе с традициями.

Вообще, утверждать, что проблема инноваций в сфере образования является чем-то новым, нельзя, т.к. этот вопрос поднимался ещё Яном Амосом Коменским, Рудольфом Штайнером, Львом Семёновичем Выгодским и другими выдающимися деятелями в области [психологии](#), философии, педагогики и т.д. Другими словами, речь о преобразованиях в системе получения знаний и развития умений и навыков шла уже давно.

Если же говорить конкретно о мире современности, то сам термин «инновации», касаясь образования, подразумевает обновление образовательной системы и внедрение новых технологий. И, конечно же, всё, что разрабатывает человек для этого, нацелено, главным образом, на повышение [эффективности и результативности обучения](#). А это, в свою очередь, говорит нам о том, что сегодняшние образовательные стандарты

являются устаревшими, и к обучению нового поколения нужно разрабатывать всё новые подходы. Основной же причиной появления вопроса о том, что пора внедрять инновации в систему образования, является кризис этой самой системы, и все создающиеся нововведения нацелены на решение её многочисленных проблем.

И на данный момент есть несколько противоречий в образовательной системе, которые требуют скорейшего разрешения:

- Несоответствие стандартов обучения учеников их [личностным характеристикам](#), таким как интересы, способности и т.п.;
- Несоответствие темпов развития науки действительным познавательным возможностям учащихся;
- Несоответствие стремления к обучению по одному профилю педагогическим [задачам многостороннего личностного развития](#).

Эти противоречия обуславливают затруднения в процессе внедрения в образовательную систему инноваций. О них мы вкратце и расскажем далее.

Инновационные технологии в образовании «тормозятся» по различным причинам.

1. Барьер творчества. Учителя, привыкшие работать по старым программам, не хотят что-либо менять, учиться, развиваться. Они принимают в штыки все нововведения в образовательной системе.
2. Конформизм. Из-за приспособленчества, нежелания развиваться, боязни выглядеть в глазах других белой вороной, показаться смешными педагоги отказываются принимать необычные педагогические решения.
3. Личностная тревожность. Из-за неуверенности в себе, способностях, силах, заниженной самооценки, боязни высказывать свои суждения открыто многие учителя до последней возможности сопротивляются любым изменениям в ОУ.
4. Ригидность мышления. Педагоги старой закалки считают свое мнение единственным, окончательным, не подлежащим пересмотру. Они не стремятся к приобретению новых знаний, навыков, негативно относятся к новым веяниям в современных ОУ.

Но, несмотря на это, попытки внедрения инноваций в сферу образования предпринимаются постоянно. Кроме того, специалисты стараются привести все возможные инновации к какой-то классификации. И одна из самых современных классификаций инноваций выглядит следующим образом:

• **Сущностные инновации** – подразумевают внедрение в образовательную систему нововведений, влияющих на саму суть образования, но которые не могли быть применены ранее;

• **Ретроинновации** – подразумевают внедрение в педагогическую деятельность тех подходов, которые были забыты в течение времени;

• **Комбинированные инновации** – подразумевают объединение некоторого количества образовательных методов, в результате чего появляется один новый;

• **Аналоговые инновации** – подразумевают присоединение к уже известному методу обучения частного нововведения.

жүйелер (ФЖ), есептеуіш-аналитикалық жүйелер (ЕАЖ), енуді басқару жүйелері (ЕБЖ), ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері (АҚБЖ), интегралды жүйелер (ИЖ), өзара әрекеттесу жүйелері (ӨӘЖ), терминалды жабдықтар (ТЖ).

Ключевые слова: кибератака, система защиты информации, расчетно-аналитические системы, критически важные компьютерные системы, система управления доступом, функциональные системы.

Аннотация. В данной статье приведен перечень кибератак на критически важные компьютерные системы (КВКС) за последнее десятилетие. Более обширно рассмотрено понятие система защита информации, а также её актуальные задачи оптимизации и киберзащиты по различным критериям. В статье показано что в построении эффективной СЗИ от киберугроз помогает экономико-математические методы и модели (ЭММ). В статье приведен перечень функциональных компонентов КВКС и их определения. К ним относятся функциональные системы (ФС), расчетно-аналитические системы (РАС), системы управления доступом (СУД), система управления информационной безопасностью (СУИБ), интеграционные системы (ИНС), модули взаимодействия (МВ), терминальное оборудование (ТО).

Keywords: cyber-attack, the protection system information, computational and analytical systems, mission-critical computer systems, access control system, functional systems.

Abstract. This article contains a list of cyber attacks on critical computer systems (CCS) over the past decade. More broadly considered the concept of a system of information protection, as well as its actual optimization tasks and cyber protection by various criteria. The article shows that the economic and mathematical methods and models (EMM) help to build an effective ISS from cyberthreats. The article contains a list of functional components of CCS and their definition. These include functional systems (FS), calculation and analysis systems (RAS), access control systems (ACS), information security management system (ISMS), integration systems (INS), interaction modules (IM), terminal equipment (TE).

Кіріспе.

Критикалық маңызды компьютерлік жүйелерге төнетін кибер шабуылдар соңғы он жылдықта көбірек болады және көптеген мемлекеттік және жеке ұйымдар мен компаниялар үшін нақты проблема болып табылады. Электростанциялар, көлік ағындары қозғалысын басқару мен бақылау орталықтары, су және газ жабдықтары аймақтық жүйелері зиянкестердің шабуыл жасау объектілеріне айналуға.


КМКЖ-дің берілу тәжірибесі түрлі салаларда, мысалы, өнеркәсіптер мен энергетикада, көлік пен байланыс жүйелерінде ақпараттық қауіпсіздікті 100 пайыздық қамтамасыз етуге бағытталған барлық шаралардың орындалуы қымбат және әрқашан ойға қонымды болмайтындығын көрсетті. Сондықтан кибер қауіпсіздіктің кез келген, тіпті қазіргі заманғы жүйесі (ақпаратты қорғау жүйесі АҚЖ) ағындағы немесе болашақта туындайтын қазіргі заманғы күрделі көп этапты кибер шабуылдарға қарсы тұра алмайды; АҚЖ-нің қорытынды құны КМКЖ-дің критикалық емес элементтері үшін қорғалатын ақпараттық ресурстардың құнынан едәуір жоғары болады.

Осылайша, АҚЖ-лерді және түрлі критерийлері бойынша кибер қорғауды оңтайландырудың өзекті міндеттері туындайды. Олар:

- КМКЖ үшін кибер қорғау кешені құрамын тиімділік есебін шешу үшін қолданылатын модельдерді нақтылау;
- КМКЖ-дің критерийлер қатары бойынша кибер қорғау кешені құрамына қатысты тиімділік есептерін қарастыру.

2. Алдыңғы зерттеулерге шолу.

КМКЖ-лер үшін ПҚ-ды жетекеші өңдеушілердің есептері мен зерттеулеріне шолу мен талдау барысында алынған мәліметтер КМКЖ-ге бағытталған шабуылдар санының ұдайы өсуі туралы айтуға мүмкіндік береді [1-4]. Кибер шабуылдардың көпшілігі Ұлыбританиядағы, АҚШ-тағы, Финляндиядағы, Франциядағы КМКЖ мен SCADA-ға қарсы бағытталған болды. Бұған қоса, буфердің толып кетуімен байланысты қателер бұрынғысынша, қолданылатын осал тұсы болып табылады. Оған шабуыл объектісінің территориялық орналасуына байланысты шабуылдардың 25%-дан 27%-ға дейінгісі жатады. Екінші және үшінші орында кіріс мәліметтерін қате растау – 9% және ақпараттық ашумен байланысты қателер - 9% жатады, 1 сурет. HDI и POS-жүйелерімен жұғатын вирустар үшінші-төртінші орындарға ие, 7%-ды құрайды 2-сурет.



1-сурет. КМКЖ-лерде кибер шабуылдарға әкелетін қателер

Соңғы уақытта ақпараттық технологиялардың даму шаралары бойынша көптеген КМКЖ-де бизнес процестердің тиімділігін жоғарылату үшін жалпы қолданыстағы компьютерлік желілермен жанасу нүктесі бар, мысалы, тапсырыс берушілерге ақпараттық қызметтерді, салық декларациясы мен бухгалтерлік есептерді электронды түрде көрсету және т.б.



2-сурет. Вирусные атаки на КВКС, методы проникновения

Кибер шабуылдан қорғаудың тиімді АҚЖ-лерін құруда экономикалық-математикалық модельдер (ЭММ) мен әдістер үлкен көмек көрсетеді. Біріншіден,

ЭММ көмегімен тапсырыс берушіге АҚЖ-рінде ақылға қонымды инвестиция оның қаражаты мен уақытын үнемдей алады. Екіншіден, ресурстардың шектелген жағдайында, ЭММ көмегімен АҚЖ-нің тиімді кешенін таңдауға болады [5-8]. Үшіншіден, неғұрлым кең тараған кибер қауіптермен күресте тиімді болып табылатын АҚЖ-рін модельдеу [1, 9-11].

Бұл өз кезегінде, КМКЖ кибер қорғау жүйесі құрылымының тиімділігінің жалпылама критерийін табу процедурасын қиындатады. Сондықтан ары қарай түрлі көрсеткіштер бойынша кибер қорғау жүйесі құрылымы тиімділігі мәселелеріне тоқталамыз.

КМКЖ-дің құрылымдық-технологиялық қорының тиімділік моделі.

КМКЖ-дің функционалды компоненттері, ереже бойынша, төмендегілерден тұрады [12]:

1. Функционалды жүйелер (ФЖ). ФЖ бастапқы ақпараттарды құрады. КМКЖ-лерде объектілер мен процестер мониторингі есептерін орындайды. ФЖ мына ішкі жүйелерді қосады: датчиктер; қашықтан байқап көру; бейне бақылау. Сонымен қатар ФЖ-ге АЖ-лер де жатады.

2. Есептеу-талдау жүйелері (ЕТЖ). ЕТЖ берілген алгоритмге сәйкес ақпаратты өңдеу, сақтау және беру технологиялық циклын береді.

3. Енуді басқару жүйелері (ЕБЖ). ЕБЖ КМКЖ-де қауіпсіздік саясатына сәйкес ПЖ құқықтарын орталықтандырылған меншіктелуін қамтамасыз етеді.

4. Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері (АҚЖ). АҚЖ қауіпсіздіктің локальды және ауқымды басқару талаптарының орындалуына жауап береді. КМКЖ-де қабылданған қауіпсіздік саясаты ақпаратты қорғау саласында оны байланыс каналдары бойынша өңдеу мен беру кезінде нормативтік және заңнамалық актілермен анықталады.

5. Интеграциялық жүйелер (ИЖ). ИЖ КМКЖ компоненттерін бірегей ақпараттық-коммуникациялық кеңістікке біріктіреді.

6. Өзара әрекеттесу модульдері (ӨӨМ). ӨӨМ бірегей қолданушылық интерфейсте КМКЖ компоненттері өзара әрекетінің клиент-серверлік технологиясын береді.

7. Терминалды жабдықтар (ТЖ). ТЖ ақпараттың қабылдануы мен белгілі бір түрде көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Кибер қорғауда қажеттілік негізінен КМКЖ-дегі сақталатын және өңделетін ақпараттың критикалылығы мен көлеміне байланысты. Жүргізілген, алынған модельдер негізінде көрсеткіштер бойынша КМКЖ кибер қорғау жүйесін оңтайландыру есептерін нысандандыруға болады [5]:

- **min** кибер шабуылдардың барлық есептеріне жету ықтималдығы;
- **min** кибер шабуылдардың барлық есептерінің берілуінен КМКЖ үшін зардаптың орташаландырылған маңыздылығы;
- **max** шабуылдаушы жақтың барлық есептерін берудің АҚЖ-не кедергі келтіру ықтималдығы;
- **min** «күн-тәуекел» жалпылама параметрінің мәні.

ӘДЕБИЕТТЕР:

[1] Основная статистика за 2015 год [Электронный ресурс]. – 2016. – Режим доступа: https://securelist.ru/files/2015/12/KSB_2015_Stats_FINAL_RU.pdf

[2] CERT/CC Statistics 2008–2015. [электронный ресурс] Режим доступа до журн.: http://www.cert.org/tats/cert_tats.html.

[3] Creating trust in the digital world EY's Global Information Security Survey 2015 [Electronic resource]. – Available at: [http://www.ey.com/Publication/vwLUAssets/ey-global-information-security-survey-2015/\\$FILE/ey-global-information-security-survey-2015.pdf](http://www.ey.com/Publication/vwLUAssets/ey-global-information-security-survey-2015/$FILE/ey-global-information-security-survey-2015.pdf)

[4] Gyanchandani M., Rana J.L., Yadav R.N. Taxonomy of anomaly based intrusion detection system: a review. International Journal of Scientific and Research Publications. – 2012. – Vol. 2, Iss. 12. P. 1–13.

[5] Особенности защиты информации в распределенных системах телекоммуникаций и корпоративных системах связи. В 3-х томах/ О.В. Есиков, Р.Н. Акиншин, А.С. Кислицын // Обеспечение информационной безопасности в экономической и телекоммуникационной сферах: Коллективная монография. Под ред. Е.М. Сухарева. – М.: Радиотехника, 2003.

[6] Харчистов, Б.Ф. Методы оптимизации: учеб. пособие / Б.Ф. Харчистов. Таганрог: Изд-во ТРТУ, 2004. 140 с.

[7] Чердынцев В. А. Оптимизация информационных систем: Учебное пособие для студентов специальности «Радиоинформатика» / В. А. Чердынцев, В. В. Дубровский. – Мн.: БГУИР, 2005. – 182 с.

[8] McNab C. Network Security Assessment. / McNab C. – O'Reilly Media, Inc., (2004). 450 p.

[9] Корченко А.Г. Построение систем защиты информации на нечетких множествах. Теория и практические решения / А.Г. Корченко – К. : «МК-Пресс», 2006. – 320с.

[10] Jyothsna V., Prasad Rama V. V. A review of anomaly based intrusion detection systems. International Journal of Computer Applications. – 2011. – Vol. 28, No. 7. P. 26–35. DOI: 10.5120/3399–4730

[11] Knight J. The Willow Architecture: Comprehensive Survivability for Large-Scale Distributed Applications / Knight J., Heimbigner D., Wolf A.L., Carzaniga A., Hill J., Devanbu P., Gertz M. // Proceedings of International Conference Dependable Systems and Networks (DSN 02). Bethesda, MD, USA, 2002. P.17–26.

[12] Анализ и оценивание рисков информационной безопасности [Текст] : монография / А. Г. Корченко, А. Е. Архипов, С. В. Казмирчук. – К. : Лазурит-Полиграф, 2013. – 275 с. : рис., табл. – Библиогр.: с. 253–275.

УДК 628.35:665.6

ТАСЫМАЛДАУ КӘСПОРЫНДАРЫНДА АЙНАЛМАЛЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУДА АДСОРБЦИЯЛЫҚ ТАЗАРТУ КАССЕТАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

М.Жасандықызы¹, А.А.Ташеев², В.Вуйцик³, М.Ш.Сакитжанов⁴

¹Қ. И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қаласы, Қазақстан,

²Қ. И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қаласы, Қазақстан,

³Люблин политехникалық университеті, Люблин, Польша

⁴Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда
e-mail:maral_sj@mail.ru

Кілт сөздер: адсорбциялық тазарту, мұнайы бар ағын сулар, көлік кәсіпорындарында айналмалы сумен жабдықтаудың автоматты басқару жүйесі.

Андатпа. Мақалада Алматы қаласының экологиясына көлік кәсіпорындарында мұнайы бар ағын сулардың қоршаған орта үшін зиянды әсерлері қарастырылған және ағын сулардағы зиянды компоненттерінің құрамына салыстырмалы талдау жасалып, осындай кәсіпорындарда айналмалы сумен жабдықтау жүйесінің жобасы сипатталған. Тасымалдау компанияларында айналмалы сумен жабдықтаудың басқарудың автоматтандырылған жүйесімен басқарылатын тазарту арналарының сүзгі элементтері ретінде адсорбциялаушы кассеталарды пайдаланудың техникалық және экономикалық жағынан тиімділігі көрсетілген.

Ключевые слова: адсорбционная очистка, нефтесодержащие сточные воды, автоматизированная система управления оборотным водоснабжением предприятия транспорта.

Аннотация. В статье рассматриваются влияние вредных для окружающей среды нефтесодержащих сточных вод транспортных предприятий на экологию города Алматы, проводится сравнительный анализ содержания вредных компонент этих стоков и описываются существующие конструкции систем оборотного водоснабжения подобных предприятий. Показывается техническая и экономическая целесообразность применения адсорбирующих кассет в качестве фильтрующего элемента очистного канала управляемой автоматизированной системой управления оборотным водоснабжением транспортного предприятия.

Key words: adsorption purification, oily wastewater, automated control system for circulating water supply of the transport enterprise.

Annotation. The article examines the impact of oil-polluting wastewater from transportation enterprises on the ecology of Алматы, compares the content of harmful components of these wastewater, and describes the existing designs of circulating water supply systems for such enterprises. The technical and economic feasibility of using adsorbing cassettes as a filter element of a clearing channel controlled by an automated control system for the return water supply of a transport enterprise is shown.

Алматы қаласының көлік жөндеу зауыттарында, автокөліктерді, локомотивті және вагонды деполарда, техникалық жөндеу станциялары, вагон жуу станциялары мен басқа да көлік кәсіпорындарында өндіріс жұмыс процесінде (үрдісінде) көп мөлшерде өндірістік және жауын-шашынды мұнайы бар ағын сулар пайда болады.

ТЖО-да, деполар мен көлік жөндеу зауыттарында аутокөліктерді, локомотивтер мен вагондарды жуу, бөлшектерді тазарту мен майлардан, ластан және ескі бояу, орларды тазалау және басқа да жұмыстар кезінде өндірістік сулар пайда болады. Вагон жуу станцияларында цистерналарды мұнай өнімдері мен әртүрлі химикаттар тасымалдағаннан кейін жуу мен булаудан кейін ағын сулар түзіледі.

Көмірсутекті өндірістік ағындар мөлшері салыстырмалы түрде жоғары емес және жөндеу зауыттары үшін тәулігіне 300-2000 м³/тәул, ТЖО мен деполар үшін 50-500 м³/тәул, вагон жуу станциялары үшін 500-2000 м³/тәулікті құрайды.


Жоғары айтылған нысандарда өндірістік сулардың ластануының негізгі түрлері мұнай өнімдері, механикалық қоспалар, қышқылдар, хлоридтер, сілтілер мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін басқа да заттар болып табылады.

Осылайша, көлік кәсіпорындарында айналмалы сумен қамтамасыз етуді орнату жинақы әрі экономикалық тиімді жасау ірі мегаполистердің экологиялық және техникалық өзекті мәселесі болып қалады.


Жүргізілген зерттеулер локомотивтер жөндеу депосы мен көлік жөндеу кәсіпорындарында мұнай өнімдерінің концентрациясы 200-800 мг/л, ал өлшенген қатты бөлшектер -600-1400 мг/л; вагон жуу станцияларында 2000-5000 мг/л, ал механикалық қоспаларда – 2000-3000 мг/л; жуу ерітінділері мен жуу машиналарындағы сулар

көбірек ластанған: оларда 2000-20000 мг/л мұнай өнімдері, 10000 мг/л-ге дейін өлшенген қатты бөлшектер бар [1,2].

Өндірістік суларды қатты механикалық қоспалардан тазарту әдетте көлденең құм қақпандар мен гидроциклондарда, ал мұнай өнімдерінен - мұнай қақпандар немесе картерлер және флотация өсімдіктері, ағын суларда болатын қышқылдар мен сілтілер нейтралдауға ұшырайды. Көлік кәсіпорындарында тұйық айналмалы жүйе орнатылады (1-сурет). Өндірістік сулар қабылдаушы резервуарға 1 жинақталады, содан кейін оларды гидроциклондарда 2 және мұнай тұтқыштарда 3 тазартады. Осыған байланысты, мұнай тұтқыштар ағындардан қатты дисперсті мұнай өнімдерін ұстамайды, ағын сулар эмульсияланған мұнай өнімдерін жоюға арналған флотациялық қондырғыда 4 тазартылады. Резервуарда тазартылған техникалық суды қайтадан пайдалануға жібереді.



предложение с подвальным отстойником




1 сурет – Астыңғы бөлігінде тұндырғышы бар автожуудағы бұрыннан бар ұсыныстар

Көлік кәсіпорындарында өндірістік ағын суларды тазарту үшін суды аз мөлшерде тұтына отырып тазарту құрылымдарын пайдалану технологиялық және техникалық-экономикалық жағынан да тиімділігі төмен.

Құрамында мұнай бар суларды тазарту үшін пайдалануда, аса көп материалдық шығын кетпейтін қарапайым, ұтқыр әрі жетілдірілген конструкция жасау үшін суды техникалық мақсатта пайдаланады. Осылайша қоршаған ортада ластануды болдырмай, су ресурстарын рационалды пайдалану мәселесін шешуге болады.

Зерттеулер нәтижесінде өндірістік ағын суларды тазарту үшін айналмалы сумен жабдықтау жүйесінде ауыстырылатын адсорбциялық кассеталы гидравликалық арналар (науа) ұсынылады [3]. Кәсіпорындарда ластанған сулар құбыр 1 арқылы қабылдау резервуарына 2 беріледі, бұл жерден құбыр 2 арқылы сарқынды сулар ауыстырылатын сүзгі кассетасы 5 бар науаға 4 беріледі. 2-суретте кассеталарды салу сүзгісі ретінде Қазақстан кен орындарында өндірілетін табиғи бентониттер, адсорбенттер пайдаланылады. Адсорбент қабатында сүзгіден өткен тазартылған судың сапасы техникалық кондицияға жетеді. Әрі қарай тазартылған суды құбыр 6 арқылы тазартылған су құбыр 8 арқылы өнеркәсіптің техникалық қажеттілігі үшін қайтадан пайдалануға жіберілетін техникалық су резервуарына 7 беріледі.



2-сурет – Ауыспалы адсорбциялық кассеталы гидравликалық каналдарды ұсыныс

Бұл жағдайда аз аумақта айналмалы сумен қамтамасыз етудің арзан әрі ықшамды түрін алуға мүмкіндік беретін каналдардың кассетасы мен оны ластанудан оңай тазалауға болатын гравийлі колонканың болуы қажет емес.

Адсорбциялық қабатта сүзгілеу принципі бойынша жұмыс істейтін қондырғы жинақы тазарту құрылымын береді және суды техникалық жарамды деңгейге дейін тазарту процесін кешенді түрде автоматтандыруға мүмкіндік береді [3]. Конструкция (жобалау)?? тікбұрышты қимасы бар ауыстырылатын сүзгі кассетасы орнатылған темір бетонды науадан тұрады. Науаның геометриялық өлшемін есептеу стандартты әдістеме бойынша өнеркәсіптік ағын сулардың шығынына байланысты жүргізіледі. Кассеталар – ұсақ металл торлар тартылған металды қораптан жасалады. Кассетардың саны ластанудың алғашқы концентрациясы мен техникалық судың талап етілетін сапасына байланысты тәжірибе жүзінде анықталады.

Тазарту процесі келесі түрде жүргізіледі. Мұнайы бар су кассета арқылы сүзгіден өтіп, адсорбциялық тазарту әдісіне ұшырайды. Сүзгіден өткен судан ТП АБЖ датчигі оның құрамындағы мұнайдың сынамасын алады. Егер су қажетті сапаға дейін жетпеген болса, оны келесі кассета арқылы сүзгіден өткізеді [4,5]. Бұл тазарту процесі ағын судың сапасы техникалық жарамды судың деңгейіне жеткенге дейін жалғасады (3-сурет).



3-сурет – Адсорбциялық кассеталарды пайдалана отырып, ТЖО-ларды айналмалы сумен қамтамасыз етудің автоматтандырылған басқару жүйесі

Сүзгілеуші кассеталарды жүктеу ретінде кез-келген табиғи сорбенттер пайдаланылуы мүмкін. Сорбентті таңдау техникалы-экономикалық көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады.

Ластанған кассеталарды жаңасына айырбастау тазарту процесін үздіксіз жүргізе отырып, автокрандармен іске асырылады. Жарамсыз болып қалған адсорбент пен шламды отын ретінде техникалық қажеттіліктерге пайдалануға болады.

Осылайша, ауыстырылатын адсорбциялық кассеталары бар гидравликалық арналары мен ағын суларды тазарту ретінде басқарудың микроконтроллер негізінде автоматтандыруды пайдалану арқылы айналмалы сумен жабдықтауды енгізу Алматы қаласының экологиялық жағдайына ағын суларда мұнайы бар заттардың жағымсыз әсерін төмендетуге, құбырлардағы ауыз суларды өндірістік қажеттіліктер үшін тұттынуға, өндіріс мәдениеті мен қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Кузубова Л. И., Морозов С. В. Очистка нефтесодержащих сточных вод.- Новосибирск: Химия, 1992. - 72 с.

2 Тихомиров Г. И. Технические средства очистки судовых нефтесодержащих вод. —Москва: МГУ, 2010. — 249с.

3 Рахимжанова Г.Б. Автоматизация задач определения коэффициента фильтрации в пористой среде // Региональный Вестник Востока, Усть-Каменогорск, изд-во ВКГУ им. С.Аманжолова, , 2011. – №1. – С. 16-22

4 Терентьев А. Н .,Хоршев К .С. Комплекс автоматической мойки машин «Кристалл» // Механизация и автоматизация производства. —М: Изд-во Машиностроение, 1986. —С.15-21.

5 Жасандықызы М. УПРАВЛЕНИЕ ОБОРОТНЫМ ВОДОСНАБЖЕНИЕМ АВТОМОЙКИ // Современные наукоемкие технологии. – 2016. – № 3-2. – С. 236-240

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Ақзуллақызы Л.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

e-mail: laz_1986@mail.ru

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»

Н.Ә.Назарбаев

Кілттік сөздер: инновация, жаһандық үрдістер, ақпараттық технология

Аннотация: Мақалада мынадай тұжырымдамалар қарастырылады: ақпараттық –коммуникациялық технологиялар арқылы жас ұрпаққа заманауи сапалы білім беру.

Аннотация: В статье рассматриваются понятия: обеспечение современного качества образования через развития информационно-коммуникационной технологии.

Annotation: The article deals with concepts: providing of modern quality of education through development of information and communication technology.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.
2. Ақпараттық мәдениет орталығы.

Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады.

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- білім алушылар өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- білім алушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Біріншіден, құрал-сайман, кем дегенде бір компьютер, оқытушының идеалды түрде автоматтандырылған жұмыс орны, бірнеше оқушы жұмыс орны, видеопроектор және интерактивті тақта.

Екіншіден, компьютерде жұмыс істеу дағдысы бар мұғалім мультимедиялық проектор ережелерімен және интерактивті тақтамен таныс болуы қажет.

Үшіншіден, білім беру өнімдері бар цифрлық компакт-дискілер болуы қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік жүйе қолданылатын сабақтар мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. ЭЕМ-ды математика сабақтарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу-танымдық үдерістің тиімділігін арттырады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»-деп елбасымыз өз жолдауында айтып қана қоймай, әр мектепті түрлі ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етуде.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы білім алушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Селевко Г.К. Современные технологии в образовании. –М., 1998.
2. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2005. – 137 бет.
3. Таубаева Ш.Т. Оқытуың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп. -1999. №4. бб-5-12.
4. Сұрауымбетова Р. «Білім беру деңгейін көтеруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі»
5. Қазақстан мектебі. Электронды оқулықтарды пайдаланудың тиімділігі. Электронды оқулықтар-ізгілендіру құралы. – 2002. № 11, 12, 63, 14-бет.

ӘОЖ 004.231:004.3

ӨНДЕУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ CASE ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ERWIN АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛІН ҚҰРУ

А.М.Рысбаева, С.Ибадулла

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қаласы

e-mail: aigul90-90@list.ru

ERWin - бұл тек қарапайым жобалаудың құралы ғана емес, кестені автоматты түрде құруға және барлық әйгілі ДҚБЖ-лердің сақталған процедуралардың мәтінін генерациялауға қабілетті өңдеуші аспап.

Түйін: Erwin-ді қолдану ақпараттық жүйелерді құрушылар қызметін тиімділігін жоғарлатады.

Резюме: Использование Erwin оптимизирует услуги создателей информационной системы.

Abstract: Erwin optimizes the use of the service by the creators of information systems.

ERWin программалық құралы деректер қорын, мәліметтердің қоймасын жобалауға, құжаттауға және бақылауға мүмкіндік береді. Визуалды модельдеу құрылған деректер қорының сапасын, өнімділігін және оны өңдеу жылдамдығын жоғарылатады.

IDEF1X\ERWin-нің негізгі ерекшеліктері:

1. 20 түрлі ДҚБЖ-сі үшін тура (модель негізінде ДҚ-ның жасалуы) және кері (деректер қорындағы бойынша модель генерациясы) жобалаулар қолданылады.

2. Ыңғайлы интерфейс және ескілікті процедуралардың автоматтандырылуы арқасында еңбек өнімділігі үлкейеді.

3. SADT-тың құрылымдық модельдеу әдістемесін және келесі нотацияларды қолдайды: IDEF1X.

4. 20 түрлі ДҚБЖ-лерды қолдайды: столға қоятын, реляциялық және мәліметтердің қоймаларының жасауы үшін қолайлы мамандандырылған ДҚБЖ-лері.

5. бұрын жасалған модельдер компоненттерін қайтадан пайдаланып, сонымен бірге басқа өңдеушілер жұмыс нәтижесін пайдалануға мүмкіндік береді.

6. Бірдей модельдермен жобалаушы топтардың бірлескен жұмысы болуы мүмкін. (ALLFusion Model Manager 4.1-дің көмегімен)

7. Бір ДҚБЖ-ден басқасына ДҚ құрылымын көтеруге мүмкіндік береді.

8. ДҚ құрылымын құжаттауға мүмкіндік береді.

9. Өнімді ДҚ өмір циклінің барлық кезеңдерінде қолдануға болады: жобалау, өңдеуге, тестеуге және қолдауға.


Complete-Compare (Бітіру- салыстыру) революциялық технологиясы деректер қоры мен тұрақты келісілген модельді қолдай отырып, өздігінен өңдеуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ERWin-да модель көрінісін екі деңгейі болады - логикалық және физикалық. Логикалық деңгей - бұл мәліметтерге абстрактілі көзқарас, ондағы мәліметтер қалай нақты дүниеде көрінсе, солай көрінеді және нақты дүниеде қалай аталса, солай аталады, мысалы, «Тұрақты клиент», "Бөлім" немесе "Қызметкердің фамилиясы". Логикалық деңгейде ұсынылатын модельдер мәндер және атрибуттар (мәндер және атрибуттар туралы толығырақ төменде әңгімеленеді) деп аталады. Мәліметтердің логикалық моделі басқа логикалық моделі негізінде құрастырыла алады, мысалы, процесстер моделі негізінде. Мәліметтердің логикалық молелі әмбебап болып табылады және ДҚБЖ-нің нақты іске асыруымен ешқандай байланысты емес.

Мәліметтердің физикалық молелі, керісінше, іс жүзінде жүйелік тізбенің бейнесі бола тұра нақты ДҚБЖ-ге тәуелді болады. Физикалық модельде ДҚ-ның барлық объектілері туралы мәліметтер болады. ДҚ объекттерінде стандарттар болмайтындықтан(мысалы, мәліметтердің түрлеріне стандарт жоқ), физикалық модел ДҚБЖ-нің нақты іске асуына тәуелді болады. Демек, ылғи бір логикалық моделі бірнеше әртүрлі физикалық модельдерге сәйкес келе алады. Егер логикалық модельде қандай да бір нақты мәліметтердің түрінде атрибуттың бар екені мәні болмаса, ал физикалық модельде нақты физикалық объекттер туралы барлық мәліметті сипаттау маңызды - кестелер, бағандар, индекстер, әрекеттер және тағы басқалар. Мәліметтер

үлгісінің логикалық және физикалық деп бөлінуі бірнеше маңызды есептерді шешуге мүмкіндік береді.

Мәліметтердің логикалық және физикалық үлгісінің аралығында ауыстырып қосулар үшін ERWinнің панель аспаптарының сол бөлігіндегі таңдауының тізімі қызмет көрсетеді. (1-сурет)



Сурет 1- Логикалық және физикалық үлгінің аралығында ауыстырып қосу

Егер ауыстырып қосқанда, физикалық үлгі әлі болмаса, онда ол автоматты түрде жасалады.

Интерфейс Windows - қосымшалар стилінде орындалған, жеткілікті қарапайым және интуитивті түсінікті. ERWin 3.5.2 нұсқасы интерфейсі алдағы уақытта сипатталады. Үлгінің бейнесі бойынша ERWin-нің негізгі қызметтерін, сонымен бірге панель және аспаптардың палитрасын қысқа қарап шығамыз. Интерфейстің элементтері толығырақ қаралады. Аспаптар панель элементтері 1-кестеде сипатталған.

Кесте1- Негізгі аспаптар панелі

Батырмалар	Батырмалардың тағайындалуы
	Жасау, ашу, сақтау және модельді шығару
	Есептеу нәтижелерінің генерациясы үшін Report Browserдың диалогін шақыру
	Модель көруі деңгейінің өзгерісі: мәндердің деңгейі, атрибуттардың деңгейі және анықтаулардың деңгейі
	Модель көру масштабының өзгеруі
	ДҚ схемасының генерациясы, серверді таңдау және модельмен схеманың теңестіруі(физикалық модель деңгейінде ғана қолжетімді)

ERWin-ге мәлімет моделінің жасалауы үшін екі нотация қолдануға болады: IDEF1X және IE (Information Engineering). IDEF1X әдістемелігі АҚШ әскері үшін жасалған және АҚШ мемлекеттік мекемелерінде, қаржы және өнеркәсіптік корпорацияларында кең қолданылады. Мартинмен (Martin), Финкельштейнмен(Finkelstein) және тағы басқа авторлармен игерілген IE әдістемелігі көбінесе өнеркәсіпте қолданылады. Нотациялар арасындағы ауыстырып қосуларды Preferences диалогінің Methodology белгісінде жасауға болады (меню Option\Preferences). Алдағы уақытта IDEF1X нотациясы қолданылады.

ERWin-де диаграмма бейнелерінің бірнеше деңгейлері болады: мәндердің деңгейі, атрибуттардың деңгейі, анықтаулардың деңгейі, алғашқы кілттердің деңгейі және иконалардың деңгейі. Бірінші үш деңгейлердің арасындағы ауыстырып қосулар үшін аспаптар панель батырмаларын қолдануға болады. Бос емес объекттер үлгісімен, диаграмманың кез келген орны бойынша "басу" шығатын мәзір көмегімен, бейненің басқа деңгейлеріне ауыстырып қосуға болады. Мезеттік мәзірде Display Level тармағын таңдаған жөн және содан соң қажетті бейненің деңгейін таңдау керек. ERWin үлкен

және кіші иконаны мәнмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Ауыстырып қосуда иконалар деңгейінде үлкен икона көрінеді. Кіші иконасының бейнелері үшін мезеттік мәзірдегі Display option \ Entitiestің тармағын таңдаған жөн және каскадты мәзірдеге Entoty Icon опциясын қосуды таңдау керек. Кіші икона үлгі бейнесінің барлық деңгейлерінде мән атының сол жағында көрсетіледі.

Мәліметтердің логикалық модельдің жасалуы

Логикалық модель деңгейлері. Мәліметтер туралы мәліметтің ұсынысының тереңдігі бойынша айырмашылығы болатын логикалық модель үш деңгейлері бар:

- Мән- байланыс диаграммасы (Entity Relationship Diagram, ERD)
- Кілттерге негізделген мәліметтер моделі(Key Based model, KB)
- Толық атрибутивті модель(Fully Attributed model, FA)

Мән-байланыс диаграммасы жоғарғы деңгей мәліметтерінің моделі болады. Ол пәндік аймақтың негізгі бизнес-ережесі көрінетін мән және өзара байланыстар қосады. Мұндай диаграмма шамалы тәптіштелген, онда АЖ-ға көрсетілетін негізгі талаптармен қанағаттандыратын негізгі мәндер және олардың арасындағы байланыс қосылады. Мән-байланыс диаграммасы көптен-көпке байланыстарды қоса алады және кілттердің сипаттамасын қоспауы мүмкін. Әдеттегідей, ERD презентациялар және пәндік аймақтың сарапшыларымен мәліметтер құрылымының талқылауы үшін қолданылады.

Кілттерге негізделген мәліметтер моделі – мәліметтердің толығырақ көрінісі. Мұнда пәндік аймаққа сәйкес келетін кілттер және мәліметтер құрылымын көрсету үшін арналған барлық алғашқы кілттер мен мәндердің сипаттамасы кіреді.

Қорыта келе, Erwin-ді қолдану ақпараттық жүйелерді құрушылар қызметін тиімділігін жоғарлатады. Қысқаша негізгі алынған артықшылықтарды атап көрсететін болсақ: диаграммалардың мықты редактор есебіне өндеудің көзге көренер жылдамдығы, берілгендердің автоматты түрде орындалатын генерациясы, құжаттаудың автоматты түрде дайындалуы, деректер қорын құру үшін арнайы қосымшада қолмен дайындаудың қажеті болмайды, өндеу кезінде және жүйені кеңейту кезінде өзгертулерді жеңіл кіргізу мүмкіндігі, деректер қоры бойынша есептеу нәтижелерін автоматты түрде орындау мүмкіндігі, 4GL құралдарымен тығыз интеграциясы ақпараттық модельдеу деңгейінде қосымшада берілгендерді көрсетуге мүмкіндік береді. Қайта жобалау ағымдағы ақпараттық жүйеде құжаттауға және өзгертулер енгізуге мүмкіндік береді. Бір қолданушы ДҚБЖ-нің қолдауы персоналды жүйелерге жаңа заманғы технологияларды қолдануға болады, яғни өзіндік жүйеден клиент-сервер жүйесіне өтуді мейлінше көп жеңілтеді.

Әдебиеттер

1. Дубейковский В.И Эффективное моделирование с СА ERwin Process Modeler, 2009.
2. Вендров А.М Практикум по проектированию программного обеспечения экономических информационных систем, 2006.
3. Возможности использования CASE - средств
<http://www.interface.ru/home.asp?artId=22385>

ӘОЖ 519.86

Кестемен берілген функцияны дифференциалдау туралы

Ділман Т. Б.¹⁾, Жалғас С. Д.²⁾

- 1) *Физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, Қызылорда қаласы.*
- 2) *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ВТРО-16-1 тобының студенті, Қызылорда қаласы.*
e-mail: dilmantb@mail.ru

Түйін сөздер: кестелік функция, сандық дифференциалдау, аппроксимация қатесі.

Ключевые слова: табличная функция, численное дифференцирование, погрешность аппроксимации.

Key words: tabular function, numerical differentiation, approximation error.

Аңдатпа. Мақалада кестелік функцияның туындысын жуықтап есептеу мәселесі қарастырылады.

Резюме. В статье рассмотрена проблема численного дифференцирования табличной функции.

Abstract. The article deals with the problem of numerical differentiation of the table function.

Берілген $f(x)$ функциясының x нүктесіндегі туындысы анықтама бойынша былай

$$f'(x) = \lim_{h \rightarrow 0} \frac{f(x+h) - f(x)}{h}$$

дәл есептелетіні белгілі, мұндағы $h > 0$ – аргументтің өсімшесі.

Функция туындысының мәнін жуықтап есептеуді функцияны сандық дифференциалдау деп атайды. Аналитикалық өрнегі белгісіз, кестемен берілген функция туындысының мәнін жуықтап есептеу үшін, дифференциалдық тендеу үшін қойылған есепті жуықтап шешу үшін, функцияның экстремум нүктесі мен мәнін анықтау үшін және тағы басқа мақсаттарға сандық дифференциалдау қолданылады.

Туындының мәнін жуықтап есептейтін, яғни сандық дифференциалдайтын мына

$$f'(x) \approx \frac{f(x+h) - f(x)}{h}, \quad f'(x) \approx \frac{f(x) - f(x-h)}{h}$$

айырымдық қатынастарды сәйкесінше оң жақты және сол жақты айырымдық туындылар деп атайды. Оң жақты және сол жақты айырымдық туындылар $f'(x)$ туындысын аппроксимациялайды (басқа сөзбен айтқанда, жуықтап есептейді).

Функцияны сандық дифференциалдайтын өрнектердің келесі

$$f'(x) - \frac{f(x+h) - f(x)}{h} = r_+(x, h), \quad f'(x) - \frac{f(x) - f(x-h)}{h} = r_-(x, h)$$

шамаларын аппроксимация қателері деп атайды. Аппроксимация қатесін бағалау үшін келесі Тейлор формуласы

$$f(x \pm h) = f(x) \pm f'(x)h + \frac{f''(\xi_{\pm})}{2}h^2$$

қолданылады, мұндағы $\xi_+ \in (x, x+h)$ және $\xi_- \in (x-h, x)$ – белгілі бір нүктелер. Бұдан

$$r_+(x, h) = -\frac{f''(\xi_+)}{2}h = O(h) \quad \text{және} \quad r_-(x, h) = \frac{f''(\xi_-)}{2}h = O(h),$$

екендігі байқалады, яғни

$$|r_+(x, h)| \leq \frac{1}{2} M_2 h, \quad M_2 = \max_{\xi \in [x, x+h]} f''(\xi); \quad |r_-(x, h)| \leq \frac{1}{2} M_2 h, \quad M_2 = \max_{\xi \in [x-h, x]} f''(\xi).$$

Демек, оң жақты және сол жақты айырымдық туындылар $f'(x)$ туындысын бірінші ретті дәлдікпен аппроксимациялайды.

Кейде туынды центрлік айырымдық

$$f'(x) \approx \frac{f(x+h) - f(x-h)}{2h}$$

туындымен аппроксимацияланады. Аппроксимациялаудың мына

$$f'(x) - \frac{f(x+h) - f(x-h)}{2h} = r_0(x, h)$$

катесін бағалау үшін мына Тейлор

$$f(x \pm h) = f(x) \pm f'(x)h + \frac{f''(x)}{2}h^2 \pm \frac{f'''(\xi_{\pm})}{6}h^3$$

формуласы пайдаланылады. Сонда

$$r_0(x, h) = -\frac{f'''(\xi_+) + f'''(\xi_-)}{12}h^2 = O(h^2),$$

яғни

$$|r_0(x, h)| \leq \frac{1}{6} M_3 h^2, \quad M_3 = \max_{\xi \in [x-h; x+h]} f'''(\xi).$$

Демек, центрлік айырымдық туынды $f'(x)$ туындысын екінші ретті дәлдікпен аппроксимациялайды. Егер функцияның аналитикалық өрнегі белгілі болса, онда соңғы бағалау тиімді болады.

Егер $[a, b]$ кесіндісі $h = (b - a)/n > 0$ қадамымен анықталған тораптық $x_i = a + ih$, ($i = \overline{0, n}$) нүктелерімен $n \geq 2$ бөлікке бөлінсе, онда шеткі $x_0 = a$ және $x_n = b$ нүктелерінде бірінші ретті $f'(x)$ туындысы жуықтап былай

$$f'(x_0) = \frac{-3f(x_0) + 4f(x_1) - f(x_2)}{2h} + O(h^2),$$

$$f'(x_n) = \frac{f(x_{n-2}) - 4f(x_{n-1}) + 3f(x_n)}{2h} + O(h^2)$$

есептеледі.

Бірінші ретті туындыны кез келген ретті дәлдікпен аппроксимациялауға болады. Бұл жағдайда функцияның есептеуге пайдаланылатын мәндерінің саны да артады. Мысалы,

$$f'(x) \approx \frac{f(x-2h) - 8f(x-h) + 8f(x+h) - f(x+2h)}{12h} + O(h^4).$$

Бұл формуланың дұрыстығын дәлелдеу үшін Тейлор формуласын пайдаланады.

Екінші ретті $f''(x)$ туындыны көбінесе келесі екінші ретті айырымдық

$$\begin{aligned} f''(x) &\approx \frac{f'(x) - f'(x-h)}{h} \approx \frac{\frac{f(x+h) - f(x)}{h} - \frac{f(x) - f(x-h)}{h}}{h} \approx \\ &\approx \frac{f(x-h) - 2f(x) + f(x+h)}{h^2} \end{aligned}$$

туындымен жуықтап есептейді.

Осы аппроксимациялаудың

$$f''(x) - \frac{f(x-h) - 2f(x) + f(x+h)}{h^2} = r(x, h)$$

катесін мына Тейлор

$$f(x \pm h) = f(x) \pm f'(x)h + \frac{f''(x)}{2}h^2 \pm \frac{f'''(x)}{6}h^3 + \frac{f^{(4)}(\xi_{\pm})}{24}h^4$$

формуласының көмегімен былай

$$r(x, h) = -\frac{f^{(4)}(\xi_+) + f^{(4)}(\xi_-)}{24}h^2 = O(h^2)$$

анықтайды, яғни

$$|r(x, h)| \leq \frac{1}{12}M_4h^2, \quad M_4 = \max_{\xi \in [x-h, x+h]} f^{(4)}(\xi).$$

Демек, екінші ретті айырымдық туынды $f''(x)$ туындысын екінші ретті дәлдікпен аппроксимациялайды. Егер функцияның аналитикалық өрнегі белгісіз болса, онда, әрине, соңғы бағалауды қолдану мүмкін емес.

Екінші ретті туындыны кез келген ретті дәлдікпен аппроксимациялауға болады. Бұл жағдайда функцияның есептеуге пайдаланылатын мәндерінің саны да артады. Мысалы,

$$f''(x) = \frac{-f(x-2h) + 16f(x-h) - 39f(x) + 16f(x+h) - f(x+2h)}{12h^2} + O(h^4).$$

Бұл формуланың дұрыстығын дәлелдеу үшін Тейлор формуласын пайдаланылды.

Мысал. Таңдап алынған $h = 0,2$ қадамы үшін $x_i = ih$ ($i = 0,5$) тораптық нүктелерінде $f(x) = x^3e^{-x}$ функциясы мәндерінің мына

x	0,0	0,2	0,4	0,6	0,8	1,0
$f(x)$	0	0,00655	0,04290	0,11854	0,23006	0,36788

кестесін жасап, сандық дифференциалдау формуласының көмегімен $f'(x)$ туындысының тораптық нүктелердегі мәндерін жуықтап тауып, қатесін анықтау керек.

Енді $x = 0$ нүктесінде оң жақты, $x = 1$ нүктесінде сол жақты, ал қалған тораптық нүктелерде центрлік айырымдық туындыларды есептейді. Есептеулер нәтижесін мына таблицқа

x	0,0	0,2	0,4	0,6	0,8	1,0
$f'(x) \approx$	0,03275	0,10725	0,27998	0,46790	0,62335	0,6891
$f'(x) =$	0	0,09170	0,27885	0,47417	0,63266	0,73576
Қате	-0,03275	-0,01555	-0,00113	0,00627	0,00931	0,04666

жазуға болады.

Функцияның $f'(x) = x^2e^{-x}(3-x)$ туындысының тораптық нүктелердегі мәндерін кестенің үшінші жолына жазып, туындыны есептеуде жіберілетін қателерді анық-тап, салыстырмалы қатені есептейді.

Әдебиет:

1. Жәутіков О.А. Жуықтап есептеу әдістері. Алматы, 1992.
2. Сұлтанғазин Ө.М., Атанбаев С.А. Есептеу әдістерінің қысқаша теориясы. Алматы, 1995 (1-кітап), 2001 (2-кітап).
3. Шакенов Қ.Қ. Есептеу математикасы әдістері. Алматы, 2009.
4. Ділман Т.Б., Ділманова А.Т. Сандық әдістер. Алматы, 2016.

ӘОЖ 004.5:004.7

WEB-ҚОЛДАНБАЛАР «КЛИЕНТ-СЕРВЕР» АРХИТЕКТУРАСЫ

Ж.С.Кенжебекова., Э.Н.Тулегенова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

(Қызылорда., Қазақстан)

e-mail: Zhanagul@mail.ru

Түйін: Web-қолданбалар «клиент-сервер» архитектурасы бойынша құрылған программаның ерекше типі болып табылады.

Резюме: Веб-приложения "клиент-сервер" архитектура представляет собой особый тип программы.

Abstract: Web applications built on the "client-server" architecture is a special type of the program.

Web-қолданбалар 1990-жылдардың соңында 2000-жылдың басында кеңінен көпшілікке мәлім бола бастады. Web-қолданбалар «клиент-сервер» архитектурасы бойынша құрылған программаның ерекше типі болып табылады. Олардың ерекшелігінің мәнісі, Web-қолданбаның өзі серверде болып және сонда орындалады, ал клиент жұмыстың тек нәтижесін ғана алып отырады. Қолданбаның жұмысы қолданушыдан (клиенттен) сұраныстар алуға, олардың өңделуіне және нәтижелерінің берілуіне негізделеді. Сұраныстарды және олардың өңделген нәтижелерін жіберу Интернет арқылы жүреді. Сұраныстардың нәтижелерін көрсетілуімен, сонымен қатар, клиенттен мәліметтерді қабылдаумен және оларды серверге жіберумен, әдетте арнайы қолданба-браузер айналысады (Internet Explorer, Mozilla, Opera және т.б) [1, 326].

Web-қолданбаларды браузердің стандартты функцияларын қолдау үшін құрудың басты артықшылығы, функциялар берілген клиенттің операциялық жүйесіне тәуелсіз түрде орындалуы керек. Microsoft Windows, Mac OS X, GNU/Linux және басқа операциялық жүйелер үшін қолданбаның әр түрлі нұсқаларын жазудың орнына, еркін таңдалған платформа үшін бір рет құрылады және сонда ашылады. Дегенмен, HTML, CSS, DOM әр түрлі жүзеге асырулары және басқа да спецификациялары Web-қолданбаларды құрастыруда және келесі қолдаулар кезінде браузерлерде мәселелерді туындатуы мүмкін. Бұдан басқа, қолданушының браузердің көптеген параметрлерін баптау мүмкіндігі (мысалы, шрифттің өлшемі, түстері, сценариялардың қолдауын тоқтату сияқты) қолданбаның дұрыс жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

Web-қолданбаларды құрудың басқа да жолы қолданушы интерфейсі толық немесе жартылай жүзеге асыру үшін Adobe Flash, Silverlight немесе Java-апплеттерді қолдануда болып табылады, бірақ бұл құрудың әмбебап жолы болып есептелмейді. Браузерлердің көпшілігі осы технологияны (ереже бойынша, плагиндердің көмегімен) қолдайтын болғандықтан, Flash немесе Java-қолданбалар жеңіл орындала алады. Себебі олар программалаушыға интерфейстің үстінен үлкен бақылау жасау мүмкіндігін беретіндіктерінен, браузерлердің конфигурациясында болатын көптеген сәйкес келмеушіліктерден өтіп кету қабілетін пайдаланады. Дегенмен де, Java немесе Flash жүзеге асыруының арасындағы сәйкессіздік клиент жағында түрлі қиындықтарға алып келуі мүмкін[2, 566].

Интернетке бағытталған ақпараттық жүйелерді құрастырудың бірнеше технологиясы бар. Қазіргі кезде өте қуатты технологиялардың бірі болатын ASP.NET (Active Server Pages, Белсенді серверлік беттер) технологиясын айтуға болады. ASP.NET негізінде жасалған Web-қолданбалар тек қана Windows платформасының IIS

(Internet Information Services, Интернеттің ақпараттық қызметі) ортасында ғана жұмыс жасайды. ASP.NET .NET Framework инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылады.

Бұл архитектура Windows ортасында жұмыс жасауға бағытталған заманауи қолданбаларды құру үшін негіз болып табылады және программалық кодты жазу үшін үйлесімді келетін программалау тілінің кез келгенін қолдана алады. .NET Framework-тің ерекшелігі, бір программалық жүйенің әр модулі әр түрлі программалау тілінде жазылуы мүмкін. Сондай-ақ архитектураның маңызды элементтерінің бірі – жадтың қолданылмайтын облысының тазалауын жүзеге асыратын қоқыс жинаушысының бар болуында.

1997 жылы Internet Information Services 4.0 сервері шыққаннан кейін, Microsoft компаниясы, ASP-ге деген шағымдарды қанағаттандыратын, әсіресе мазмұн мен ресімдеуді бөлектеуге байланысты және «таза» код жазуға мүмкіндік беретін Web-қолданбаның жаңа моделінің мүмкіндігін зерттей бастады. Осындай модельді құрастыруды IIS командасының менеджері Марк Андерс пен Скотт Гутриге міндеттеді. Андерс пен Гутри екі айдың ішінде алғашқы жобаны жасады және 1997 жылы Гутри алғашқы прототипінің кодын жазды. Алғашқы жоба «XSP» (eXtensible Server Pages) деп аталды. XSP прототипі Javaда жазылды, бірақ кейіннен Common Language Runtime (CLR)-ге негізделген жаңа платформа құру туралы шешім қабылданды, себебі бұл платформада ОБП принципі бойынша программалау, қоқысты жинау және өзге де мүмкіндіктердің бар болатындығында. Гутри бұл шешімді «орасан зор тәуекелділік» деп сипаттады, себебі жаңа жобаның жетістігі CLR жетістігімен байланысты болды, ол XSP сияқты құрастырудың алғашқы кезеңінде болатын [3,1226].

В Кызылординской области в наиболее широком масштабе выращивается рисовая культура. На область приходится 80% от общего урожая по республике. В связи с этим интенсификация рисоводства требует применения минеральных и органических удобрений. Содержание элементов питания в почве в усвояемой форме оказывает непосредственное влияние на развитие растений и получение высокого урожая. Для формирования высоких урожаев риса в почве должно быть достаточное количество легкодоступных питательных веществ. Так, с урожаем 5 т/га рис выносит из почвы 120-125 кг азота, 50-62 кг фосфора и 120-150 кг калия.

Однако в последнее время производство удобрений в республике резко сократилось. В связи с этим урожайность риса падает, а качество зерна снижается. И безусловно, возникает необходимость использования местных сырьевых ресурсов для производства удобрений, какими являются рисовая шелуха и агроруда Приаралья.

Создание органоминерального удобрения на базе шелухи с фосфоритными рудами способствует рациональному использованию местных минеральных ресурсов и охране окружающей среды.

Литература

1. Прянишников Д.Н. Избранные сочинения. Том третий. - М.: «Колос», 1965 - с. 486-495.
2. Беглов Б.М. Химизация: плюсы и минусы. Экономика и жизнь. 1990, - №2, с. 62-65.
3. Беглов Б.М. и др. Активация природного фосфатного сырья. – Ташкент: «Хорезм», 1999.
4. Мишустин. Биотехнология - М.: 1999.

ӘОЖ 330.15: 330.556:351 (574)

Қазақстан Республикасында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қорғауды басқару жүйесін жетілдіру

Умирзакова М.А.

экономика ғылымының кандидаты, *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*, Қызылорда қ.

e-mail: umirzakova1972@mail.ru

Түйіндеме: Бұл мақалада табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалануда мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы баяндалған. Сонымен бірге, табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалануды мемлекеттік реттеу әдістері қарастырылған.

Кілттік сөздер: табиғи ресурстар, қоршаған орта, табиғи байлықтар, мемлекеттік басқару, мемлекеттік реттеу.

Резюме: В статье рассматриваются вопросы эффективного использования природных ресурсов, охраны окружающей среды и способы совершенствования использования природных ресурсов государственного управления. А также, затрагиваются методы государственного регулирования и использования природных ресурсов.

Ключевые слова: природных ресурсов, окружающей среды, природных богатств, государственного управления, государственного регулирования.

Summary: The article deals with the efficient use of natural resources, environmental protection and ways to improve the use of natural resources in the State agricultural economics. Also, affected methods of state regulation and use of natural resources.

Keywords: natural resources, environment, natural resources, state administration, government control.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының экономикасының дамуының бастапқы шикізатты және қалдықтарды пайдалану мәселесіне теориялық жағынан терең ұғынуға, әрі жаңа көзқарас қалыптастыруға объективті қажеттілік туындап отыр. Осы уақытта ресурсты сақтау стратегиясы оның әлеуметтік, экологиялық-экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталу керек.

Табиғи ресурстар материалдық өндірістің өсуі мен нарықтық қатынастардың одан әрі дамуына және жетілдіріле түсуіне ықпал жасайтын өндірістік күштердің құрамды бөлігі болып табылады. Табиғатпен өзара қарым-қатынас жасап, сан алуан іс-әрекетке бара отырып, адамдар оған ықпал етеді, яғни басқаша сөзбен айтқанда, оны өзгертеді. Қоғам мен табиғаттың бір-біріне деген өзара әсер ету процесі жүреді.

Қазақстан Республикасы – табиғи ресурстармен қамтамасыз етілген әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі. Алайда, біздің еліміздің табиғи ресурстары соншама бай екендігіне қарамастан, оған қамқорлықпен қарау қажеттігі әлдеқашан туындап отыр. Әрине қоғамның қазіргі дамуы табиғи ресурстардың шаруашылық мұқтаждықтарын белсенді түрде пайданылуға сүйенеді. Бұл процесс нарықтық қатынастар одан әрі дами түскен сайын күрделене береді.

Осыған байланысты өте зор маңызды міндет туындайды: табиғи ресурстарды аса үлкен мөлшерде шаруашылық мақсатқа пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін теріс зардаптары мен залалдарын жеңілдету, барынша азайту және табиғи байлықтарды молайту жөнінде қамқорлық жасау қажет болады. Табиғатты үнемді түрде ұтымды пайдалану және оны қорғау шаралары, оның ресурстарын пайдалану кезінде ондағы тепе-теңдікті белсенді түрде сақтау, қоршаған табиғи ортаны жақсарту, ал бұл талаптар бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру жөнінде пәрменді шараларды жүзеге асыру қажеттігін тудырып отыр.

Нарықтық қатынастар жағдайында табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалануда мемлекеттік басқарудың ролі едәуір өседі. Табиғи ресурстар мемлекет меншігіне жатады және олардың Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызы зор. Табиғи ресурстарды басқару Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың жалпы тетігінің ажырамас бөлігі және маңызды құрауышы болып табылады. Жалпы мемлекеттік басқару реформасы шеңберінде табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу қажет.

Табиғи ресурстар экономиканың өсуін, ауқымды сыртқы экономикалық және сыртқы саяси уағдаластықтарды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының маңызды стратегиялық басымдығы болып табылады. Олар қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігіне пайдаланылуы тиіс.

Табиғи ресурстарды басқару, оларды есепке алу, қорғау, жалпы мүдделерде пайдалану мемлекеттік басқаруды дамытудың жалпы бағыттарына сәйкес, сол сияқты озық халықаралық практикаларды, әлемдік және өңірлік талаптарды ескере отырып, тиімді жүзеге асырылуы тиіс. Табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың объектісі – жер, жер қойнауы, су, орман және өзіндік ерекшеліктері бар табиғи ресурстар. Басқарудың негізгі мақсаты – бүгінгі және келешек ұрпақтың мүддесіне сай олардың минералды шикізатқа, су және орман ресурстарына, таза ауаға т.б. мұқтаждықтарын өтеу үшін осы байлықты ұтымды пайдалану және қорғау болып табылады.

Сонымен бірге, нақтылы объектілерді алғанда, негізгі мақсаты әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, қазба байлықтарды пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік басқарудың негізгі мақсаты – пайдалы кендердің толық өндірілуін қамтамасыз ету. Тіпті кейбір пайдалы кен орындарының шаруашылық есеппен жабылуы жағдайында мемлекеттік басқарудың негізгі мақсаты – олардың сақталуын көздейді.

Су ресурстарын басқарудың негізгі мақсаты – суды пайдалануды ғылыми тұрғыдан негіздеп, тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, судың ластануын, сарқылмауын қадағалау болып табылады.

Хайуанаттар әлемін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың ерекшелігі – жабайы жануарлардың табиғи жағдайда сақталуымен байланысты. Орман ресурстарын басқару – орманды дұрыс пайдалану, қорғау, күзету, өсіру.

Табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды дамытып жетілдіру үшін мемлекеттік басқару органдары құқықтық құралдарды кеңінен қолданады. Қазіргі заңға сәйкес табиғатты пайдалану ережелерін бұзушылар қылмыстық, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

Басқару объектілеріне байланысты мемлекеттік басқарудың мынадай түрлерін бөлек көрсетуге болады:

1. Атмосфералық ауаның қорғалуын мемлекеттік басқару;
2. Жердің қорғалуы мен пайдаланылуын мемлекеттік басқару;
3. Орманның қорғалуы мен пайдаланылуын мемлекеттік басқару;
4. Судың қорғалуы мен пайдаланылуын мемлекеттік басқару;
5. Хайуанаттар әлемінің қорғалуын, өсуін және пайдаланылуын мемлекеттік басқару;
6. Жер қойнауының қорғалуын және пайдаланылуын мемлекеттік басқару;
7. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды мемлекеттік басқару [1, 22 б].

Мемлекеттік басқарудың жоғарыда аталған барлық түрлерінің өз объектілері бар және олар «өзіндік мәселелерді» шешуге бағытталған.

Табиғи байлықтарды пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару қызметтерін талдай келе мынадай жағдайларға назар аудару қажет.

Біріншіден, табиғат байлықтарын қорғау мен пайдалану саласындағы басқарылатын жүйе мемлекеттік және жеке меншік объектілері, таусылатын не таусылмайтын ресурстар болғандықтан, нақтылы өмірде басқару қызметтері әртүрлі көрініс табады. Мысалы, хайуанаттар әлемін қорғау мен пайдалануды ұйымдастыру, жерді, жер қойнауын, орманды, суды қорғау мен пайдаланудан өзгеше болады. Бұл – хайуанаттар әлемін қорғау, олардың өмір сүру ортасын көбейту жағдайлары мен қорғау, оларды қырылып-жойылудан сақтау, қорықтар жасау, сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жануарларды қолда өсіру т.с.с шараларды қолдану арқылы жүзеге асады.

Мемлекет меншігіндегі объектілерді басқарудың өз ерекшеліктері бар. Жер қорын басқару мен орман, су қорларын басқару арасында да айырмашылықтар бар. Жер қойнауын басқару да орман, су қорларын басқарудан өзгеше болады.

Екіншіден, табиғи байлықтарды қорғау мен пайдалану салаларын мемлекет тарапынан басқару қызметтеріне тұрақтылық тән болады. Осыған байланысты мемлекет табиғатты қорғаудағы қатынастарды әрі қарай дамытады. Бірақ әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне, өндіруші күштер мен қатынастардың өсуіне байланысты қызметтердің сипаты мен мазмұны өзгеріп, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен түрлері жетіле түседі. Мемлекеттің даму кезеңіне сай кейбір қызмет түрлері жойылып, олардың орнына өндірістік қатынастардың дауындағы объективті заңдылықтарға сәйкес келетін басқа қызметтер пайда болады. Мысалға: табиғатты тұтынушылардың шаруашылық дербестігі нығайып, мемлекет алдында табиғатты қорғау қызметінің дамуы мен оны жетілдіру мәселесі пайда болғаннан соң ғана, кадастрларды жүргізу және табиғи байлықтарды экономикалық тұрғыдан бағалау қызметі пайда болады. Соңғы жылдарда табиғат ресурстарының қорғалуы мен пайдаланылуын жоспарлау қызметі елеулі өзгеріске ұшыраған.

Үшіншіден, табиғи байлықтарды қорғау мен пайдалану саласындағы басқару қызметі мемлекет атынан жүзеге асырылып көпқырлығымен және барлығын қамту қасиетімен сипатталады. Бұл меншік құқығына негізделген, шаруашылық ішіндегі табиғат байлықтарын басқару қызметімен салыстырғанда елеулі ерекшелік болып есептеледі. Өйткені шаруашылық ішіндегі басқару, табиғат тұтынушылардың атынан жүргізіліп, тек осы меншік иелеріне бағынатын тұлғаларға ғана қатысты болады. Сондай-ақ осы қызметтердің пайда болуы, жүзеге асу түрлері мен тәсілдері т.б. сияқты өзгешеліктері бар.

Төртіншіден, мемлекеттік басқарудың қызметтері, табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастардың дамуы мен жетілуінің объективті жағдайларын көрсетеді. Сондықтан олар басқару органдарының пайда болуында, олардың жұмыс түрлері мен тәсілдерінің қалыптасуында маңызы зор басқару [1, 38 б].

Жасыл экономика бұл экономикалық теориядағы жаңа бағыттардың бірі. «Жасыл экономика» келешек ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғайтын тұрақты экономика мен қоғамның символы. «Жасыл экономика» қалдықтың өзін кәдеге жаратуболып табылады. Оның экологиялық қырынан бөлек байлықты оңды-солды шашып емес, үнемдеу арқылы пайдаға кенеліп, соны жүйелі түрде іске асырумен де өлшенеді.

Табиғатты қорғау шараларын күшейту, табиғи байлықтарды қорғау және олардың тиімді пайдалануды қадағалау, су ресурстарын басқару, балық, орман, аңшылық шаруашылықтары мен жаңартылатын қуат көздері саласын дамыту, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату ісін басқарудағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып-жүргізу міндеттерін жоспарына енгізеді.

Табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалануды мемлекеттік реттеу әдістерін екі топқа бөлуге болады:

Әкімшілік-құқықтық әдістер тастауға жол берілетін нормаларды белгілеуді; шикізаттың немесе өнімнің белгіленген түрін қолдануға тыйым салуды; түрлі салаларға арналған сараланған экономикалық стандарттар жүйесін белгілеуді қарастырады.

Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері мыналар болып табылады:

1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және қаржыландыру;

2) табиғи ресурстарды пайдалану үшін төлем төлеу;

3) табиғи ресурстарды қорғау және ұдайы өндіру үшін төлем төлеу;

4) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру;

- 5) экологиялық сақтандыру;
- 6) қоршаған ортаны қорғау қорларын құру [2,38 б].

«Жасыл экономиканы» дамытпай, біз дамыған 30 елдің қатарына қосыла алмаймыз. Бұл мәселеге республиканың барлық өңірлері белсенді атсалысуы қажет. Өңірлер дамымаса, бәсекеге қабілетті болмаса, бұл мақсатқа жету қиын. «Жасыл технологиялар негізінде өңірлерді өзгеше бағытта дамытуға мүмкіндік мол. «Жасыл экономикаға» көшу үшін тиісті іс-шараларды кешенді түрде қолға алуы қажет.

Қоршаған ортаны және табиғат байлықтарын қорғау саласындағы негізгі міндеттердің бірі республиканың экологиялық ахуалын тұрақтандыру және жақсарту. 2005 жылы Қазақстан Республикасында Елбасының бастамасымен "Жасыл Ел" бағдарламасы кең қанат жайды. "Жасыл Ел" жобасы республиканың жас азаматтарының тек қана елдің көгалдануына ғана емес, оған қоса біздің ортақ шаңырағымыз — Қазақстанның өркендеуіне жауапты жаңа буынын тәрбиелеуді мақсат тұтады. Жастардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін оята отырып, оларды көгалдандыру жұмыстарына барынша тарту республикамыз бойынша қолға алынған шара. Басты маңызы жастардың жазғы демалысын тиімді пайдалану.

"Жасыл ел" бағдарламасының негізгі қызметі – студент жастардың күшімен еліміздің барлық аймақтарын көгалдандыру және өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау, оларды тиімді пайдалану және елімізді көгалдандырумен қатар, жастарды сауықтыру және жұмыспен қамтамасыз ету, еліміздегі барлық жастар ұйымдарының арақатынасын жақсарту болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанды дамытудың қазіргі кезеңінде «Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда маңызды роль атқарады.

Жыл сайын жастар еңбек жасақтарының сарбаздары республикалық бюджет есебінен фирмалық экипировкамен (күртеше, шалбар, футболка, панама, кроссовкалар) қамтамасыз етіледі. "Жасыл ел" республикалық штабы жұмыс беруші төлейтін еңбекақыға қосымша ақы төлейді. «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары республикалық штабының еліміздің 16 өңірінде филиалдары бар.

БҒМ мәліметінше, 2013 жылы республикалық бюджеттен бағдарламаны қаржыландыру көлемі 212 млн теңгені құрады. 2014 жылға қаржыландыру шамамен 2 есеге арытып, 2014 жылы республикалық бюджеттен бағдарламаны қаржыландыру көлемі 400 млн. тенге және жергілікті бюджеттен 250 млн теңге бөлінген. 2014 жылы республикалық штаб тарапынан төленетін еңбекақы 17 600 теңгені құрайды [3].

Қоршаған ортаны қорғау саласында стратегиялық маңызды бағыттардың бірі экологиялық білім мен ағарту, экологиялық қауіпсіздік және адам қоғамының тұрақты дамуы. 2030 жылдарға дейін қоршаған ортаны жақсарту жөнінде төрт басты бағыттар белгіленіп отыр:

1. қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
2. табиғи қорларды ұтымды пайдалануды іске асыру;
3. түрлі-түрлі жануарлар мен өсімдіктер әлемін құрып кетуден сақтап қалу;
4. экологиялық білім беру, экологиялық мәдениет, экологиялық сана дарыту [4, 11 б].

Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі бекітілген тұжырымдамада көзделген шараларды іске асырудың үш кезеңін қамтиды: бірінші 2013 - 2020 жж., екінші - 2021 - 2030 жж. және үшінші - 2031 - 2050 жж.

Бірінші кезең табиғи ресурстарды тиімді басқару жүйесін, шикізат секторынан түсетін табысты үлестіру мен пайдалану жүйесін қалыптастыруға, табиғат пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі бірінші кезектегі, оның ішінде сабақтас

стратегиялық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларда көзделген шараларды қабылдауға, тиісті инфрақұрылымды құруға бағытталған.

Екінші кезең ресурстарды үнемдеу мен ресурстар өнімділігін арттыруды, ресурс үнемдейтін жаңа технологияларды әзірлеуді көтермелеу мен ынталандыруды көздейтін табиғи ресурстарды басқарудағы жаңа саясатты әзірлеу мен оны іске асыруға бағытталған.

Үшінші кезең ұлттық экономиканы пайдалану табиғи ресурстарды олардың толық жаңартылуы мен табиғи-экономикалық ортаның тұрақтылығы жағдайында пайдалану қағидаттарына көшіруге бағытталған [5].

Табиғи байлықтарды дұрыс пайдалануды мемлекет тарапынан басқару тұтас әлеуметтік құбылыс ретінде, жалпы қоғамды басқарудағы кең ауқымды жүйенің бір бөлігі болып саналады. Сондықтан табиғи байлықтарды қорғау және пайдалану саласында басқару органдарының пайда болуы мен дамуы, өзіндік ерекшелігі бар күрделі объектімен яғни табиғатпен байланысты. Онда осы басқарушы органдардың дұрыс қызмет атқаруы мен әрі қарай дамуы, негізінен, қоғамдық процестерді басқарудағы міндеттер мен максаттардың жүзеге асырылуына тәуелді болады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғауды ғылыми қамтамасыз ету елдің тұрақты даму жолдарын белгілеу жөніндегі мемлекет қызметінің тиімділігін арттырудағы маңызды элементтердің бірі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұхитдинов Н. Қоршаған ортаны қорғау және ауыл шаруашылығын дамыту мәселесі. – Алматы, 2012. 8-т, -22б., -38б
2. Усенбаев А.У. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Оқу-әдістемелік кешкен. -Ақтау 2011, -38 б.
3. В 2014 году на реализацию программы «Жасыл Ел» выделено более 650 млн. тенге. <http://www.inform.kz>
4. Ахатаева Г.Ж., Хаймулдинова А.К., Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының жер қоры және оның экологиялық жағдайы.// «Шоқан тағылымы – 17» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 24-26 сәуір, - Көкшетау, 2013, -11 б.
5. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ. 2013 ж. <http://adilet.zan.kz>

УДК 622.012.05

ҚҰМНАН ТАЗАЛАУ ӘДІСТЕРІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ

Т.Ж. Жұмағұлов, т.ғ.к.

З.С. Жақсылық студент, Р.Х. Мұханбетжанов студент.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

e-mail: temur_rngm@mail.ru

***Кілт сөздер:** әдіс, ұңғыма, құмның түзілуі, технология.*

***Ключевые слова:** метод, скважина, пескопроявление, технология.*

***Keywords:** method, well, sand control technology.*

Андатпа

Жүргізілген зерттеу әдістері негізінен құмтасты тау жыныстары және қабаттың түп аумағы бойынша бекітілу технологиясы мен тиімді әдістері болып табылады.

Аннотация

Предметом исследования являются песчанистые породы и технологии крепления призабойной зоны пласта, а также разработка эффективного метода крепления.

Annotation

The subject of research are the sandy rocks and fastening technology bottomhole formation zone, as well as the development of an effective method of attachment.

Ұңғыманы пайдалану, сонымен қатар кен орындарды игеру кезінде негізгі және аса жиі кездесетін қиындық, құм бөліну болып табылады. Ол ұңғының ұзақ тұруына, оларды жөндеуге уақыт шығындауға әкеледі және осының нәтижесі ретінде өнімнің айтарлықтай жоғалтулары болады [1,2].

Мұнай өндіру ұңғымаларынан құмның шығуы және түп аралық аймақтағы әлсіз цементтелген коллекторлардың бұзылуы ұңғыма жұмыстарын айтарлықтай қиындатады. Бұл құбылыспен күресудің әртүрлі әдістері бар екені белгілі. Оның ішінде, механикалық әдісі – қыш, шыны, фарфор, металл және маталық сүзгілердің көптеген құрылғылары жан-жақты қолданысқа ие. Олардың беріктігінің төмендігі және материалының технологиялық нашарлығына байланысты, мұндай сүзгілерді қолдану қиындық туғызады. Дегенмен ең бастысы регенерацияның мүмкін болмауы, яғни жай операциялар кезінде сүзгі қабілеттілігінің тікелей түпте өз калпына келуі.

Шығатын ағынның аз жылдамдығы кезінде, әсіресе түп пен сорапты компрессорлы құбыр (СКК) башмағының арасында және тұрақты емес құм коллекторларын пайдалану кезінде, түпте құм жиналып, құм тығыны пайда болады да, ол сұйық ағынын төмендетіп, ұңғыманың фонтандауын тоқтатады. Бұл құбылыспен күресу СКК башмағын төменгі перфорациялық саңылауға дейін түсіру арқылы немесе ұңғыманы периодты жуу арқылы жүргізіледі. Ұңғыманың жуу тереңдігі артқан сайын, терең және тығыз коллекторды ашқандай құм шығару сирек құбылыс болады. Мысалы, кейбір оңтүстік өңірлерде орналасқан мұнай кен орындарындағы (Краснодар, Баку, Түркмения) ұңғымаларды пайдалану кезінде қиындықтар туғызады [3].

Отандық және шетелдік өндірушілер дайындаған құм тығындарына арналған сүзгілерді мұнай кәсіпшілігінде қолдану бойынша жүргізілген талдау жұмыстары көрсеткендей, олар төмендегі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

- берілген деңгей бойынша пайдалану сипаттамасын қамтамасыз етуі керек (өнімділігі және құм түйіршіктерінің өлшемдері бойынша електен өту деңгейі);
- коррозиялық және эрозиялық шарттарда механикалық беріктігі және тұрақтылығы;
- сүзгілерді ұңғымадан алмай механикалық және химиялық тазалау жүргізу мүмкіндігі.

Құмнан тазалаудың көрсетілген әдістерінің кемшіліктері, ол қолдан жасалған бөгеттерде қабаттағы құмнан тығындар түзіліп, ұңғыма бағаны бойымен сұйық ағысын төмендетіп жіберуі мүмкін. Одан бөлек қабат құмдақтардан тұрғандықтан ондағы майда түйіршіктер жасалған бөгеттен өтіп кетуі мүмкін. Нәтижесінде қуыс каналдар үздіксіз үгітіледі де, уақыт өте құм кедергісіз ұңғыма бағанына енеді. Ал құмды толықтай жою үшін жөндеу жұмыстарын қайтадан толық жүргізу керек болады.

Дегенмен, бүгінгі күнге дейін мұнай саласында маңызды орын алатын, терең қабаттардың мұнай бергіштігін көбейтудің жинақталған әдістерінің теориялық зерттеулері, зертханалық, нақты және өндірістік сынақтары жүргізілмеген.

Осыған байланысты мұнай кәсіпшілік жүйесіндегі барлық элементтерді қамтитын «қабат – ұңғыма – тереңдік сораптар – ұңғыма сағасы» жүйесінің құрылымы жасалынған.

Көптеген авторлар осы мақсатта сорап плунжерінің төменгі жағына құмға қарсы якорларды қолдануды ұсынады. Бұл дегеніміз ұңғыма түбіне құм тығындарының жиналу қарқындылығын төмендетпейді, керісінше якорь ұңғыма түбіне құмның шөгуіне мүмкіндік береді. Құм шөгінділерінің пайда болуымен күресу үшін, ең алдымен сұйықтың ұңғыма бағанымен қозғалысы кезінде қабаттан құмның келуін төмендетуіміз керек. Ал қабаттан келген ұңғымадағы жиналған құмды мұнай өндіру кезінде сорапты компрессорлық құбыр бойымен (СКҚ) механикалық қоспаларды шығару есебінен төмендетуге болады [3].

Қазіргі таңда мұнай өндіруде кеңінен таралғаны штангалы плунжерлі сораптар. Плунжерлі сораптардың жұмыс жасау принциптері дискретті, яғни олардың жұмысы плунжердің ілгері-кері қозғалысқа негізделген. Осының әсерінен плунжердің әрбір жүрісінде қабатта сұйыққа периодты түрде қарқынды әсер ететін депрессия түзіледі. Нәтижесінде қабаттағы сұйықпен бірге ұңғымадан құм түйіршіктерін алып шығуға мүмкіндік туындайды.

«Эмбаведьойл» ЖШС мамандары Ерекешев С.С., Султанов Б.З. еңбектерінде Атырау облысындағы Оңтүстік Қамыскөл кен орнында аз өнімді ұңғымаларға штангалы винтті сорапты қолданудың тиімділігі зерттелген. Винтті сораптың жұмысы кезінде үздіксіз ағын түзіледі, нәтижесінде ұңғымадағы құмды жоғары көтеруге жағдай жасалады [4]. Дегенмен штангалы винтті сораптың тағы бір ерекшелігі сол, ол сораптар тұтқырлығы жоғары сұйықты да өндіруде тиімді болып есептеледі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Т.Ж. Жұмағұлов, А.Н. Нұрлыбеков. Пайдалану ұңғымаларында құм шөгіндісінің түзілуін зерттеу // «Қызылорда облысының индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы: жаңа ұстанымдар және тенденциялар» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. - Қызылорда қаласы, 21 қазан 2016ж.
2. Құмкөл кен орны бойынша жылдық игеру жобасы бойынша есептеме құжаттары, «Торғай Петролеум» АҚ мен «ПККР» АҚ, 2015 ж.
3. Бондаренко В.А., Шарыпова Д.Д., Савенок О.В. Разработка технологий предупреждения и ограничения пескопроявлений на примере месторождений Краснодарского края. Сборник научных трудов Международного форума-конкурса молодых учёных «Проблемы недропользования». 23-25 апреля 2014 г. – Санкт-Петербург: Национальный минерально-сырьевой университет «Горный», 2014. – С. 180.
4. Султанов Б.З., Орекешев С.С. ВОПРОСЫ ВЫНОСА ПЕСКА В ПРОЦЕССЕ ЭКСПЛУАТАЦИИ НЕФТЯНЫХ СКВАЖИН // Electronic scientific journal "Oil and Gas Business". 2005. №1. URL

УДК 553.98:58.051

Загрязнение почвы углеводородным сырьем и ее биологическая активность

Л.Е. Юсупова

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
e-mail: l.yussupova@mail.ru

Ключевые слова: Почва, азотная удобрения, флоры, фауны.

Мұнай және мұнай қалдықтарымен топырақ құнарлылығына зақым келген кезде оны қалпына келтіру қарастырылған.

Рассмотрены восстановление плодородия почв при загрязнении нефтью и нефтепродуктами.

Recultivation is considered at pollution by oil and oil products.

Естественное восстановление плодородия почв при загрязнении нефтью происходит значительно дольше, чем при других техногенных загрязнениях. Резко изменяется водопроницаемость вследствие гидрофобизации, структурные отдельности не смачиваются, а вода как бы "проваливается" в нижние горизонты профиля почвы; влажность уменьшается. Как следствие этого - выпадение одного из главных звеньев ценоза - растительности.

Нефть и нефтепродукты вызывают практически полную депрессию функциональной активности флоры и фауны. Ингибируется жизнедеятельность большинства микроорганизмов, включая их ферментативную активность. Управление процессами биodeградации нефти должно быть направлено, прежде всего, на активизацию микробных сообществ, создание оптимальных условий их существования [1]. Отмечается большая неоднородность распределения нефтяных компонентов в почвах разных участков нефтепромыслов, что зависит от физических и химических свойств конкретных почвенных разностей, качества и состава поступившей нефти [2]. В результате этого условия самоочищения окружающей среды от токсичных органических веществ техногенного происхождения в ландшафтных зонах и областях Казахстана.

Попадая в почву, нефть увеличивает общее количество углерода. В составе гумуса возрастает нерастворимый остаток, что является одной из причин ухудшения плодородия. Это, в свою очередь, наносит ощутимый экономический ущерб земледелию и животноводству. Возрастает отношение C:N. Ухудшается азотный режим, что в случае рекультивации требует внесения повышенных доз азотных удобрений. На окисление 1 г нефти требуется 80 мг азота и 8 мг фосфора [3]. Рекомендуется вносить массивные дозы органических удобрений, что повышает биохимическую и микробиологическую активность почв, быстрее снижает количество остаточной нефти, чем при внесении одних минеральных удобрений.

Почва, обладая свойством дисперсного гетерогенного тела, действует как хроматографическая колонка, в которой происходит послонное перераспределение компонентов нефти. Показано, что угнетение растений начинается, когда количество нефтяных углеводородов (УВ) в почве становится выше 1 кг/м².

И.Г.Калачников [4] выделяет три этапа процесса самоочищения почвы, 1-й этап (1-1,5 года) характеризуется физико-химическими процессами, включающими вымывание, выветривание, распределение нефтяных УВ по почвенному профилю. Исчезают УВ С₁₀-С₁₆. Наблюдается активизация микрофлоры. На II-ом этапе (3-4 года) происходит биологическое превращение метаноафтеновых и ароматических УВ. III-й

этап включает деградацию полициклической ароматики. На всех этапах, а особенно на III-м, рекомендуется активное рыхление почвы, внесение разрыхлителей, например, торфа, а также НРК, которые способствуют снижению содержания алифатических структур в разрушающихся углеводородах [II]. По силе токсического действия на микроорганизмы нефтяные фракции располагаются в следующей убывающей последовательности: ароматические УВ-циклопарафиновая фракция - парафиновая.

Небольшое количество УВ (5 г/100 г почвы) стимулирует деятельность микрофлоры. Однако, процесс нитрификации ингибируется любой концентрацией УВ; нитрификация является наиболее чувствительным процессом на "нефтяное" загрязнение почвы. Наиболее важными условиями активной деятельности микрофлоры в присутствии нефтяных загрязнений также является влажность и температура почвы.

Для активной рекультивации почво-грунтов в качестве основных и необходимых компонентов нужны минеральные удобрения, предпочтительнее аммонийные формы азота и фосфор, а также активные культуры нефтеокисляющих микроорганизмов (НОМ).

Внесение удобрений (NigoPISOK-00) в загрязненную почву (6% УВ) увеличивает биологическую активность: возрастает интенсивность дыхания, коэффициент минерализации, активность ряда ферментов. Чувствительность же отдельных групп микроорганизмов к отдельным фракциям нефти определяется химическим составом и физическими свойствами последних.

Интересно отметить, что УВ, попадающие в почву, обогащают ее углеродом и способны повысить активность биологической азотфиксации. Увеличение интенсивности нефтяного загрязнения (до нескольких процентов) приводит к увеличению концентрации азота, являющегося следствием увеличения численности свободно живущих азотфиксаторов; одновременно снижается нитрифицирующая активность, и основная часть азота выступает в аммонийной форме. Способность к фиксации азота азотобактером проявляется на средах с октаном, толуолом, салициллатом. Выделен ряд бактерий (ноккардия, артробактер, бревибактерум), способных усваивать атмосферный азот; у некоторых бактерий фиксация азота была выше при культивировании на средах с парафином (Cii-622), чем с сахарозой. В почвах, содержащих небольшое количество битумных веществ (0,2%), таких бактерий было больше, чем в контрольных почвах.

Таким образом, влияние нефти и отдельных ее продуктов на почву и почвообразовательный процесс исследован довольно подробно. Окисление нефти начинается сразу после ее попадания в почву. Общими чертами этого процесса является быстрое разрушение метановонафтеновых фракций, снижение содержания полициклических УВ в нафтен ароматической фракции, относительное увеличение доли смолистых веществ в нефти, переход части нефтяных компонентов в нерастворимые в органических растворителях формы. Скорость изменения отдельных УВ и групповых фракций зависит от природно-климатических зон и состава исходной нефти [5].

Для создания выровненного фона нефтезагрязнения, а также для имитации аварийного загрязнения, перед закладкой опыта на почву был нанесен газоконденсат, состоящий на 60% из тяжелых и 40% летучих углеводородов (алифатических, ароматических и алициклических), до проникновения его на глубину 20 см. До нанесения нефтепродукта в почву и после нанесения определяли содержание органического вещества и отдельно нефтепродукта: количество органического вещества в почве до внесения нефтепродукта было равным 1569 мг/кг, а

нефтепродуктов - 1408 мг/кг, а после нанесения нефтепродукта количество органического вещества было 5907 мг/кг, нефтепродуктов - 4259 мг/кг.

Образцы для анализов отбирались в 10-кратной повторности до заливки почвы газовым конденсатом, через 3 дня после заливки почвы, во время закладки опыта и в период уборки урожая костра безостого. Всего рекультивационный период продолжался в течение 60 суток.

I	Контроль	$N_{120}P_{180}K_{90}$	$N_{120}P_{180}K_{90}$ + торф	$N_{120}P_{180}K_{90}$ + торф + опилки
	1	2	3	4
II	$N_{120}P_{180}K_{90}$ + торф + опилки	Контроль	$N_{120}P_{180}K_{90}$	$N_{120}P_{180}K_{90}$ + торф
	4	1	2	3
III	$N_{120}P_{180}K_{90}$ + торф	$N_{120}P_{180}K_{90}$ + торф + опилки	Контроль	$N_{120}P_{180}K_{90}$
	3	4	1	2

Таблица - 1. Схема опыта по рекультивации почвы, загрязненной нефтепродуктами, с использованием микробиологических препаратов "Нафтокс", "Псевдомин" и растений.

Примечание: Серии опыта: I - Нафтокс, II - Нафтокс + костер безостый, III - Псевдомин + костер безостый; Варианты опыта: 1 - Контроль + микробиологический препарат, 2 - $N_{120}P_{180}K_{90}$ + микробиологический препарат, 3 - $N_{120}P_{180}K_{90}$ + торф + микробиологический препарат, 4 - $N_{120}P_{180}K_{90}$ + опилки + торф + микробиологический препарат.

В таблице - 1 приведена схема опыта, состоящего из трех серий. В первой серии в качестве биодеструкторов нефтепродукта применялся препарат ВНИГРИ "Нафтокс". Во второй серии - "Нафтокс" и подсев костра безостого в варианты с внесением тех или иных биогенных веществ (NPK, торф и опилки). В третьей серии с такими же вариантами, как и во второй серии, в качестве биодеструктора испытывался препарат "Псевдомин", разработанный кафедрой микробиологии ТСХА.




Рисунок 1. Изменения содержания нефтепродуктов в почве (мг/кг) и воздушно-сухой надземной массы костра безостого (г/м²) в вариантах опыта с применением

микробиологических препаратов через 60 дней после их внесения (1, 2, 3, 4 - варианты опыта).

Площадь делянок в вариантах опыта 2,25 м². Повторность опыта трехкратная.

Бактериальные препараты и биогенные вещества, согласно схеме опыта, вносились в соответствующие варианты и повторности опыта и лопатой перемешивались со слоем грунта на глубину проникновения газового конденсата.

Результаты опыта, приведенные на рисунке 1, указывают на активную деструкцию нефтепродукта нефтеокисляющими микроорганизмами. Наиболее интенсивно разложение углеводов отмечено в варианте, где вносился препарат "Нафтокс" на фоне известкования. Содержание нефтепродуктов было снижено до уровня ПДК (100 мг/кг) или ниже, а по сравнению с исходным содержанием их количество уменьшилось на 98,3-99,4%. При внесении в песчаный грунт NizoPisoKoo и извести интенсивность окисления нефтепродуктов несколько снизилась и составила от исходного содержания 96,8- 94,9%. При этом внесение опилок, совместно с торфом и минеральными удобрениями, снизило содержание нефтепродуктов ниже уровня ПДК (67 мг/кг почвы или 98,4% от исходного содержания в грунте).

Препарат "Псевдомин" также интенсивно осуществлял деструкцию нефтепродуктов. На фоне известкования он снизил содержание нефтепродуктов до 82 мг/кг почвы или на 98,1% по сравнению с исходным уровнем.

Посев ковра безостого в качестве тест-культуры на фоне действия испытуемых препаратов показал, что по мере возрастания количества нефтепродуктов в почве урожай закономерно снижается. Следует отметить снижение активности окисления нефтепродуктов под покровом растений ковра безостого по сравнению с вариантом без растений.

Более активная деструкция нефтепродуктов в варианте без растений может быть объяснена отсутствием конкуренции внесенным в почву нефтеокисляющим микроорганизмам со стороны почвенной микрофлоры, уничтоженной в результате углеводородного загрязнения, тогда как под растениями ковра безостого возмозла возможность конкуренции со стороны эпифитной микрофлоры.

Заключение

1. Препараты нефтеокисляющих микроорганизмов "Нафтокс" и "Псевдомин" за короткое время способны окислять высокие концентрации газового конденсата (аварийные разливы) до уровня ПДК.
2. Основным условием активной жизнедеятельности микроорганизмов в иллювиально-железистых подзолах является оптимизация окислительно-восстановительного потенциала почвы и внесение органических и минеральных удобрений
3. Показана резко отрицательная реакция ковра безостого как биоиндикатора на уровень загрязнения почвы НП. При увеличении содержания НП в почве выше уровня ПДК урожай зеленой массы резко снижался.
4. Установлено, что посев ковра безостого совместно с внесением препаратов "Нафтокс" и "Псевдомин" снижал активность деструкции углеводов в почве этими препаратами.

ЛИТЕРАТУРА

1. Исмаилов Н.М. МИКРОБИОЛОГИЧЕСКАЯ И ФЕРМЕНТАТИВНАЯ АКТИВНОСТЬ НЕФТЕЗАГРЯЗНЕННЫХ ПОЧВ // ВОССТАНОВЛЕНИЕ НЕФТЕЗАГРЯЗНЕННЫХ ПОЧВЕННЫХ ЭКОСИСТЕМ. М., 1988.
2. Пиковский Ю.И., Солнцева Н.П. ГЕОХИМИЧЕСКАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ДЕРНОВО-

ПОДЗОЛИСТЫХ ПОЧВ ПОД ВЛИЯНИЕМ ПОТОКА НЕФТИ // ТЕХНОГЕННЫЙ ПОТОК ВЕЩЕСТВ В ЛАНДШАФТАХ И СОСТОЯНИЕ ЭКОСИСТЕМ. М., 1981.

3. Исмаилов Н.М., Паковский Ю.Ш. Биодинамика загрязненных нефтью почв // МИГРАЦИЯ ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В ПОЧВАХ И СОПРЕДЕЛЬНЫХ СРЕДАХ. Л., 1985.

4. Калачников И.Г. Влияние нефтяного загрязнения на экологию почв и почвенных микроорганизмов // ЭКОЛОГИЯ И ПОПУЛЯЦИОННАЯ ГЕНЕТИКА МИКРООРГАНИЗМОВ. СВЕРДЛОВСК, 1987.

ӘОЖ 631.352.633.6

ТЕХНОГЕНДІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ БИОТЫҢАЙТҚЫШТАР РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Таңжарықов П. Ә. – т.ғ.к., профессор, Амангельдиева Г.Б. – магистр, оқытушы
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.
e-mail: amangeldieva74@mail.ru

Кілт сөздер: Күріш қауызы, тауық қиы, өсімдік қалдықтары, биотыңайтқыш.

Түйіндеме

Мақалада мұнай, өсімдік (күріш), құс шаруашылығы қалдықтарын (тауық қиы) қайта өңдеген биотыңайтқыш шығару арқылы алынған өнімді әрі қарай өндірісте, халық шаруашылығында және тұрмыстық мақсатта пайдалану жолдары қарастырылған. Сонымен бірге берілген жұмыста биотыңайтқыштарды пайдалану экологиялық таза күріш өнімдерін өсіру ретінде енгізу қарастырылған.

Резюме

В статье рассматривается использования нефтяных, зерновых отходов (рис), отходы птицеферм (навоз) в качестве связывающего для выявления био химических. Которая повышает производительность продукции в сельском хозяйстве и животноводстве.

Summary

In stae considered the use of oil, grain waste (rice), poultry waste (manure) as a binder for the detection of bio chemicals. Which improves the performance of products in agriculture and animal husbandry.

Ауыл шаруашылығын жүргізудегі дүниежүзілік тәжірибе, минералдық тыңайтқыштардың топырақ өнімділігін жоғарылатып, ауылшаруашылық өнімдерін молайтуға көп септігін тигізетінін көрсетіп отыр. Академик Д.Н.Прянишников, егіннің 40-50 пайызы тыңайтқыштар арқылы ұлғаятыны туралы қорытындыға келген.

Ұлыбританияның егіндік жерлерінде гектарына 350 кг артық нәрлі заттар пайдаланылса, Францияда 320 кг, Германия мен Японияда 500 кг-ға жуық, Голландияда – 800 кг-ға жуық пайдаланылса, Россияда не бәрі 100 килограмдай, ал Қазақстанда одан да аз пайдаланады.

Сарапшылар мәліметтері бойынша, соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өнімдеріне минералдық тыңайтқыштарды пайдалану, күрт азайып кетті.

Осы себепке байланысты күріш өнімділігі нашарлап, дән сапасы төмендеп кетті. Тыңайтқыштардың жетімсіздігі топырақтың құнарлылығын дағдарысқа алып келеді.

Ғылыми және іс жүзіндегі тәжірибесі көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өнімділігінің жоғарғы көрсеткішіне жету үшін, топырақтың өңдеу көрсеткіші мен дәрежесін қажетті деңгейге жеткізу қажет.

Соңғы жылдары ғалымдар минералдық тыңайтқыштарды азайтып, жер өңдеудің биологиялық тәсіліне көшуді ұсынуда. Бұл сұрақты шешуде негізгі рольді егіндік жерлер мен органикалық тыңайтқыштар атқарады. Сондықтан, өсімдік тектес тыңайтқыштарды, мысалға күріш қауызын пайдалану, күріш өнімділігін арттыруға ғана емес, күріштік алқаптардың агрофизикалық қасиеттерінің де жақсаруына септігін тигізеді. Қызылорда облысында аталған күріш қалдықтарымен қатар төменгі сортты фосфоритті рудалар бар. Осы күріш қауызы мен төменгі сортты фосфориттерді минералды тыңайтқыштар ретінде бірге қолданса, облыстағы минералдық тыңайтқыштың жетіспеушілік проблемасын жоюға толық мүмкіншілік болады. Үлкен көлемдегі қалдықтар мен жергілікті руданы ауыл шаруашылығында тиімді пайдалану Арал регионндағы экономикалық жағдайды ғана емес, экологиялық проблемаларды да шешуде де көп көмегін тигізеді.

Қазіргі кезеңде өндірістік биотехнология қарқынды дамып келеді. Оның жетістіктері экологиялық проблемаларды шешуде жиі қолданылуда.

Экологиялық биотехнологияның әдістемелері мен процестерін пайдаланып ауыл шаруашылығының көптеген экологиялық проблемаларын шешуге болады: ластанған және тұзданған жер ресурстарын рекультивациялау; экологиялық таза биогаз бен биотыңайтқыштар алу үшін мал шаруашылығы, құс шаруашылығы және өсімдіктер қалдықтарын қайта өңдеу; экологиялық таза тамақтану өнімдері өндірісін ұйымдастыру; топырақ құнарлылығын арттыру және т.б.

Бұл бағытта айтуға тұратын мәселе, өсімдік қалдықтарын (күріш сабаны мен қауызы) және де мал шаруашылығы қалдықтарын (мүйізді ірі қара көндері), құс шаруашылығы қалдықтарын (тауық қиы) мен мұнай қалдықтарын қайта өңдеп биотыңайтқыш (биокомпост) жасап шығаруға болады. Биотыңайтқыштарды алу және пайдалану ауыл шаруашылығы экологизациясының алдына қойған міндеттеріне бірнеше себептер бойынша сәйкес келеді: минералдық тыңайтқыштар пайдаланудың көлемін азайтады, егін шаруашылығының өнімдерін арттырады және де ауыл шаруашылық өнімдерінің құрамындағы нитраттарды азайтады.

Осындай минералды тыңайтқыштар жетпей жатқан кезде, тауық қиынан алынған биокомпост, ауыл шаруашылығын арзан және жоғары сапалы тыңайтқыштармен қамтамасыз етеді.


Тауық қиын, органоминералды тыңайтқыштар алу үшін пайдалану, ауыл шаруашылығы экологизациясы проблемаларын іс жүзінде шешудің, нақты мысалдарының бірі болып табылады. Тауық қиымен күріш қауызын оңтайлы пайдалану, ластанған алаңдарды тазалаумен қатар, топырақтың құнарлылығын арттырады және де жер ресурстарын биорекультивациялау арқылы ауыл шаруашылығы егіншілігінің өнімділігін жоғарылатады. Сонымен қатар биотыңайтқыштарды пайдалану минералды фосфаттарды тиімді қабылдауына және атмосфералық азоттағы нитраттардың синтезіне қолайлы жағдай жасайды. Бұл минералды тыңайтқыштарды пайдалану мөлшерін азайтады немесе олардың әсер ету уақытын ұзартады.

Австрияның «Андреас Бауер СОНГМБХ» фирмасы тауық қиын микробиологиялық процесс арқылы өңдеп және оны құрғатып жоғары сапалы органикалық тыңайтқышқа айналдыруды ұйымдастырды. Тауықтың қиын 4-7 тәулік аралығында қайта өңдейді. Биореакторда шикізат биохимиялық және биофизикалық дезинфекцияланып, ашытқан соң нитрофикацияға айналады. Процесс барысында тауық қиы микробиологиялық ыдырайды. Түзілген түйіршік тыңайтқыштар тазаланған және

құрамында химикаттар болмайды. Қалдықтарды тазалап пайдаға жарату процесі үнемді және көп уақыт алмайды. Ол периодты режимде 48 сағатта жүзеге асады. Қондырғы экологиялық таза болып табылады.

Қазіргі уақытта осында жолмен жасалған биотехнологияны қолданып мал және құс шаруашылығының қалдықтарын микробиологиялық өңдеп, дәстүрлі емес әртүрлі өнімдер алуда. Бұл мал және құс шаруашылығы бар өндірістік аудандарды экологиялық таза аумаққа айналдыруда және әртүрлі биоөнімдер шығаратын кәсіпорындар салуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған жұмыстар, «Ай-Дан Аққұс» АҚ қоғамының техногендік қалдықтарынан биокомпост жасап алынған биотыңайтқыштарды пайдаланып, экологиялық таза күріш өнімдерін өсіру жобасын жасап өндіріске енгізу қарастырылған. Бұл жерде техногенді қалдықтар үшін күріш қауызы мен тауық қиы алынды, ал биокомпост жасау үшін топырақтағы целлюлоза қиратқыш аэробтық және анаэробтық микроорганизмдер пайдаланылды. Күріш қауызы мен тауық қиы негізіндегі биотыңайтқыш өндірісінің технологиялық кескіні төменде келтірілген.



Сурет 1–Күріш қауызы мен тауық қиы негізіндегі биотыңайтқыш өндірісінің технологиялық кескіні

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Макаров С.В., Шагарова Л.Б. Экологическое аудирование промышленных производств / С.В.Макаров, Л.Б.Шагарова / –Москва: «НУМЦ Госкомэкология России», 1997.-144с.
2. Мирзадинов Р.А. Топырақтану. / Р.А.Мирзадинов, Қ.Үсен, Ә.Ә.Торғаев, С.Л.Дүйсенбеков, М.Ш.Каримов, Г.Қ. Меизбаева /Оқу құралы. -Алматы: Қаз ККА, 2009. -278б.
3. Қалдығөзов Е. Отын мен мұнай өнімдері терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. / Е.Қалдығөзов, С.Қалдығөзова. –Алматы: «Білім», 2001.-153б.
4. Мазлова Е.А., Шагарова Л.Б. Экологические решения в нефтегазовом комплексе. - М.: Техника, 2001. -105с.